

Сенатор Р.РҮСТЕМОВ:

ҚАЗАҚ ТІЛІНІҢ ТАЗАЛЫҒЫН САҚТАУҒА ЗИЯН ТИГІЗУДЕ

Сарқылмасын Сыр - Ана!



№52
(1755)
26 желтоқсан
2024 жыл
Бейсенбі

РЕСПУБЛИКАЛЫҚ ТӘУЕЛСІЗ ҚОҒАМДЫҚ-САЯСИ ГАЗЕТ WWW.Qaa.kz qaa.kz Ақмешіт Ақшамы Газеті

БАРЛЫҚ БАЛА АРМАНЫ – ЖАҢА ЖЫЛ ШЫРШАСЫ



Қызылордада Жаңа жыл мерекесі қарсаңында балаларға дәстүрлі Президент шыршасы өтті.

«Сыр елінің армандар шыршасы» атты шытырман оқиғалы жаңа жылдық ертеңгілікке Қызылорда қаласынан және аудандардан 9-13 жас аралығындағы үздік жетістікке қол жеткізген 200 оқушы қатысты. Шыршаға келген бүлдіршіндер Мемлекет басшысы Қасым-Жомарт Кемелұлының құттықтауы мен естелік сыйлықтарын алып, театрландырылған қойылым тамашалады.

Шара барысында аймақ басшысы Нұрлыбек Нәлібаевтың оқушыларға деген ыстық лебізі мен жаңа жылдық құттықтауы жеткізілді.

Сыр өңірінде 337 мектепте 184 мыңнан астам оқушы және 678 балабақшада 50 мыңға жуық бала білім мен тәрбие алуда.

Аймақта өскелең ұрпақтың сапалы білім мен саналы тәрбие алуы үшін үлкен жобалар қолға алынып, жаңа нысандар ел игілігіне табысталды.

Өңірімізде балаларды әлеуметтік қолдау басты назарда. Быыл 1-4 сыныптарда оқитын 62918 және әлеуметтік осал отбасыларынан шыққан 5-11 сыныптағы 26654 оқушыға, барлығы 89572 балаға

тегін ыстық тамақ берілуде.

Алдағы уақытта да білім саласына мемлекеттік қолдау шаралары жалғасын табатын болады.

25 желтоқсан күні Астана қаласында өтетін Президент шыршасына облысымыздан түрлі сайыстарда жеңімпаз атанып, үлгілі тәртібімен және үздік оқушымен көзге түскен 5 оқушы қатысады.

Қызылорда қаласындағы Өнер орталығында қала әкімінің бүлдіршіндерге арналған Жаңа жылдық шыршасы өтті.

Жаңалық пен жұмбаққа толы таңғажайып ертегілер мекеніне айналған Жаңа жылдық мерекелік іс-шараға ата-анасының қамқорлығынсыз қалған, көп балалы және әлеуметтік аз қамтамасыз етілген отбасының балалары, мүмкіндігі шектеулі бүлдіршіндер және білім, өнер, спортта зор жетістіктерге қол жеткізген талантты да дарынды оқушылардан барлығы 100 бала қатысты.

Жаңа жылдық шырша салтанаты Оқушылар сарайының өнерпаздары әзірлеген қойылыммен басталды. Қызықты кешке жиналған балалар Жаңа жылдық шыршаның басты қонақтары Аяз Ата мен Ақшақарға өз өнерлерін көрсетіп, керемет

сыйлықтарға ие болды.

Жаңа жыл мерекесі – балалар үшін ұмытылмас оқиға. Өйткені олардың бақытты жүздерін, шынайы күлкілерін көруден артық ештеңе жоқ. Соған сай мереке қуанышында шаһар басшысы Нұржан Сәбитұлы балаларды құттықтап, өтіп бара жатқан 2024 жылы білім саласының жеткен жетістіктеріне тоқталды.

«Шаһарымыздың өздеріңдей білімді де, талапты жастары әлемнің ең озық оқу орындарында білім алуда, спорт саласында да биік белестерді бағындыруда. Сыр елінің абыройын көтерген сол аға-әпкелеріңнен үлгі алып, зерделі де зерек, білімді де, білікті болындар. Жаңа жыл өздеріңе де, сендерді мәпелеп өсіріп отырған ата-аналарыңа да тек жақсылық әкелсін. Алдағы Жылан жылы – қазақ дәстүрінде ақыл-парасаттың, сақтықтың және терең ойдың символы саналады. Ендеше Жылан жылы жетістіктер жылы болсын!» – деп шаһар басшысы балаларға сыйлықтар табыстады.

Ертегі қойылымдары мен концерттік бағдарлама ғажайыпқа толы кешті жандандыра түсті.

Сенат Спикері Мәулен Өшімбаевтың төрағалығымен Палата отырысы өтті. Онда депутаттар Мемлекет басшысының тиісті ұсынуына байланысты Жоғарғы Сот судьяларын қызметінен босату, сондай-ақ, Парламент Сенаты тағайындаған Жоғары аудиторлық палата мүшесінің өкілеттігін тоқтату және қызметінен босату туралы мәселелерді қарады. Одан бөлек, сенаторлар күн тәртібіне шығарылған бірқатар заңды қарап, мақұлдады және өздерінің депутаттық сауалдарын жолдады.

Сенатор Руслан Рүстемов өзінің депутаттық сауалында Қазақ киносындағы қазақ тілінің тазалығына қауіп төндіретін лингвистикалық мәселелерге қатысты мәселені көтерді.

Депутаттың айтуынша соңғы жылдары қазақ тілінде түсірілген фильмдер саны артқанымен, алаңдатарлық үрдіске тап болдық. Қазіргі кездегі фильмдерде әдеби және бейнелі тілдің орнына жаргон, сленг, кейде тіпті дерекі сөздер қолданылуда.

«Қазіргі қазақ киноларындағы қазақ және орыс тілдерінің аралас қолданылуын, жаргондар мен сленгтердің жиі кездесуін көрермендердің бір тобы реалистік көрініс ретінде қабылдаса, енді бір тобына қазақ тілінің тазалығын бұзатындай әсер қалдырады. Мұндағы соңғы топтың алаңдауы мен жан айқайы өте орынды. Өйткені көптеген кино және телебағдарламалардағы жаргон, сленг және аралас тіл қолданыстары қазақ тілінің тазалығын сақтауға зиян тигізуде. Мұндай жағымсыз жағдай қазақ тілін үйренуге тұлғалардың да тілдік дағдыларына теріс ықпал етеді», – деді сенатор Рүстемов.

Сенатор сондай-ақ қазақстандық фильмдер мен телехабарларда аралас тіркестің жиі қолданылуы қазақ тілі үшін проблема екенін атап өтті. Ол мұндай тәсілдің әлеуметтік-мәдени себептеріне қарамастан, тілдің дамуына кері әсер ететінін жеткізді. Сенатор осы мәселелерді шешу үшін отандық фильмдердің идеологиялық және әдеби сапасына ерекше назар аудару қажет екеніне тоқталды.

«Қазақ киносы тілінде қалыптасқан әлеуметтік-лингвистикалық мәселелерді шешу мақсатында бірқатар ұсыныстарды қолдауыңызды сұраймыз. Отандық кино өнімімізге әдеби, идеологиялық тұрғыда нақты бақылау орнату мақсатында кино түсіру саласына мемлекеттік лицензиялауды енгізу; кино мен телеиндустриядағы тілдік мәдениет мәселелерін реттеу мақсатында кино және сахна тілін қадағалау функциясының енгізілуін, қазақ киносының тілін көркем әдеби стильге негіздеп, мемлекеттік тілдің толыққанды қолданылуын заңнамалық қамтамасыз ету; қазақ тілінде кино түсірушілерге арнайы тілдік курстар өткізу; кенжелеп қалған кино сыны саласын жетілдіріп, әр жаңа фильмге қатысты кәсіби мамандардың сыни пікірлерін жариялайтын арнайы журналдар шығару; шетел киносының прокатынан өндірілген салықтың белгілі бір бөлігін ұлттық киноны дамытуға жұмсауды, мемлекеттік тапсырыс аясындағы киноның барлығын тек мемлекеттік тілде түсіруді заңнамалық қамтамасыз ету. Ұлттық киноны қолдау мемлекеттік орталығы жанындағы Сараптамалық кеңестің қызметін заңнамалық тұрғыда қайта өзектендіру қажет», – деді сенатор Руслан Рүстемов.

ЖАСАНДЫ САНА БӘРІН ЖАСАЙДЫ

Еліміздің Премьер-министрі Олжас Бектеновтың төрағалығымен «Smart Data Ukime» ақпараттық жүйесінің жұмысы талқыланған Үкімет отырысы өтті. Үкімет отырысынан кейін онда көтерілген мәселелерге орай жиын өткізіліп, жауапты сала басшыларына тапсырмалар жүктелді.

Жиында «Smart Data Ukime» ақпараттық-талдау жүйесіне жасанды интеллектіні енгізу, отбасылардың әлеуметтік жағдайының төмендеуіне ең көп әсер ететін факторларды анықтайтын модульді жүзеге асыру тапсырылды.

Бүгінде «Smart Data Ukime» ақпараттық-талдау жүйесінде барлық деңгейдегі әкімдер, облыстық басқармаларға 160 есептік жазба ашылып, ішіндегі кейстер мен дашбордтарды күнделікті жұмыста пайдалануда. «Отбасының цифрлық картасы» ақпараттық жүйесінде Қызылорда облысының 224 187 отбасы немесе 852 944 адам тіркелген. Азаматтарға белсенді қызмет көрсету бағытында әл-ауқат жағдайы, экономикалық, әлеуметтік және тұрғын үй жағдайлары, денсаулық сақтау, білім саласы бойынша тиісті мемлекеттік органдар адресстік жұмыс жүргізуде.

Мәжілісте бюджеттің толық игерілуі, мереке күндері коммуналдық қызметтердің тұрақты әрі қалыпты режимде жұмыс істеуі, әлеуметтік маңызы бар азық-түлік бағаларының негізсіз өсуін болдырмау, өрт және санитарлық талаптардың қатаң сақталуын, бейберекет саудаға жол берілмеуін қамтамасыз ету қатаң тапсырылды. Сондай-ақ коммуналдық қызметтердің күшейтілген режимде үздіксіз қызмет көрсетуін, қоғамдық-саяси ахуалдың тұрақтылығын бақылауда ұстау үшін облыс аумағында тәулік бойы кезекшілік ұйымдастырылған.

Қала, аудан әкімдері мен облыстық басқарма басшылары алдағы жоспарларды іске асыруға әзірлікті пысықтауы тиіс. Атап айтқанда, бюджеттің игерілуі, аймақтағы қоғамдық-саяси ахуал және өзге де маңызды мәселелер ұдайы бақылауда болуы керек. Сонымен қатар мәжілісте ауа райының суытуына байланысты «Таза Қазақстан» экологиялық бағдарламасы аясындағы сенбілік жұмыстары уақытша тоқтатылып, коммуналдық тазалық мекемелері штагы режимде жұмыс жасау керектігі атап өтілді.

МҮЗ АЙДЫНДАРЫ ҚАҮІПСІЗ ЕМЕС

Қала аумағында «Мұз айдындарындағы қауіпсіздік және балық аулау мен аң аулау кезіндегі қауіпсіздік» бойынша рейд жұмыстары жүргізілуде. Аралау барысында азаматтарға су айдындарындағы, әсіресе балық аулау кезіндегі және жұқа мұз үстіндегі қауіпсіздік шаралары туралы ақпарат берілуде.

Аталған іс-шараға қала әкімдігі мен төтенше жағдайлар басқармасы, жедел құтқару жасағы және азаматтық қорғау құрылымдары жұмылдырылған. Қыс-көктем маусымы аяқталғанға дейін тұрақты түрде жүргізіледі.

30 ЖЫЛДА МАСЛИХАТ ЖАҢА



Қызылорда қалалық мәслихатының мәжіліс залында қала әкімі Нұржан Ахатовтың қатысуымен Қазақстан мәслихаттарының 30 жылдығына арналған салтанатты шара өтті. Оған облыстық мәслихат төрағасы Мұрат Тлеуібетов, қалалық мәслихат төрағасы Ибадулла Құттықожаев және қалалық мәслихаттың сегіз шақырылымындағы депутаттар, ардагерлер қатысты.

Шаһар басшысы жиналған қауымды Қазақстан мәслихаттарының 30 жылдығымен құттықтап, депутаттарды қала халқының өмір сүру сапасын жақсартуға бағытталған жобалар мен бастамаларды іске асыруға қосқан үлестері үшін алғысын білдірді.

«Сыр өңірінде тәуелсіз еліміздің мәслихаттар жүйесінде үлгілі еңбек еткен, қызмет жасап жүрген депутаттарымызды халық жақсы біледі. Өзім де бұған дейін Өздеріңізбен депутаттық корпусқа бірге қызмет жасадым, қазір әріптестік байланысымыз нығая түсті. Сіздердің қажырлы қызметтеріңізге, әділетті шешімдеріңіз бен қолдауларыңызға аймақ басшысының және өзімнің атымнан алғысымды білдіремін», – деді Нұржан Сәбитұлы.

Жиында түрлі шақырылымдарда сайланған бұрынғы және қазіргі депутаттар «Қазақстан мәслихаттарына – 30 жыл» төсбелгісімен, қала әкімінің «Алғыс хатымен» марапатталды.

Салтанатты шара соңында жиналған қауым депутаттық бөлмедегі фото-шежіремен танысты.

САПАЛЫ МЕМЛЕКЕТТІК ҚЫЗМЕТ - ХАЛЫҚ АЛДЫНДАҒЫ МІНДЕТ

Бүгінгі күні мемлекеттік қызмет көрсетудің басты мақсаттарының бірі-сапалы қызмет көрсету. Мемлекеттік қызметтерді көрсету кезінде халықтың құқы, бостандықтары мен заңды мүдделерін сақтауды қамтамасыз ету белгілерінің бірі мемлекеттік қызметтерді көрсету тиімділігін арттыру және мемлекеттік қызмет сапалы көрсету болып табылады. Жалағаш ауданы әкімдігінің «Жаңаталап ауылдық округі әкімінің аппараты» коммуналдық мемлекеттік мекемесінің қызмет көрсетудегі басты мақсаттарының бірі – Жаңаталап ауылдық округінің халқына, аз қамтылған отбасыларға, жұмыссыз азаматтарға, ардагерлерге, мүгедектерге және өзге де жеке санаттағы мұқтаз азаматтарға әлеуметтік қолдау көрсетуді ұйымдастыру.

Жалағаш ауданы әкімдігінің «Жаңаталап ауылдық округі әкімінің коммуналдық мемлекеттік мекемесі» тарапынан заңды және жеке тұлғаларға 6 мемлекеттік қызмет түрлері көрсетіледі: «Жер учаскесінің нысаналы мақсатын

өзгертуге шешім беру», «Сауда саттықты (конкурстарды, аукциондарды) өткізуді талап етпейтін мемлекет меншігіндегі жер учаскелеріне құқықтарды алу», «Жер учаскесін алу үшін кезекке қою», «Мемлекеттік атауды әлеуметтік көмек тағайындау», «Жер учаскесін жеке меншікке ақысын бірден төлеп не бөліп төлеу арқылы сату», «Кент, ауыл жерлерінен жер учаскесін беру».

Тұтынушыларға ақпараттық қолжетімділікті қамтамасыз ету мақсатында стандарттарға сәйкес ақпараттық тақтайшалар орнатылған. Сондай-ақ Әкімшілік ғимаратта халықтың уақытын тиімді пайдалану мақсатында «Өзіне өзі қызмет көрсету бұрышы» орналастырылған. Өзіне – өзі қызмет көрсету бұрышы талапқа сай техникалық құралдармен қамтамасыз етілген. Көрсетілетін мемлекеттік қызмет түрлерінің сапасын арттыру және атқарушылық тәртіптің деңгейін көтеру күнделікті бақылауда.

К.Абдикалықов
Жаңаталап ауылдық округ әкімі

БАСТЫ МІНДЕТ – ҚЫЗМЕТ АЛУШЫЛАРДЫҢ ЗАҢДЫ ҚҰҚЫҒЫН ҚОРҒАУ

Азаматтардың заңды мүдделерін қорғау – Қазақстан Республикасының Мемлекеттік қызмет істері агенттігі Қызылорда облысы бойынша департаментінің басты міндеттерінің бірі. Бұл ретте департаментке келіп, шағымын жеткізген әрбір азаматтың мәселесі қараусыз қалмайды.

Атап айтқанда, биылғы жылдың желтоқсан айында Шиелі ауданының тұрғыны азамат Х.М Қазақстан Республикасы Білім және ғылым министрінің 2018 жылғы 12 қазандағы №564 бұйрығымен бекітілген «Бастауыш, негізгі орта және жалпы орта білімнің жалпы білім беретін оқу бағдарламаларын іске асыратын білім беру ұйымдарына оқуға қабылдаудың үлгілік қағидасына» сәйкес Қызылорда облысы Шиелі ауданы, Шиелі кентіндегі білім беру ұйымдарына «Бастауыш, негізгі орта, жалпы орта білім беру ұйымдары арасында балаларды ауыстыру үшін құжаттарды қабылдау» мемлекеттік қызметін алуға жүгінген.

Осы ретте Департамент өз құзыреті шегінде шағымда баяндалған мәң-жайларды айқындау мақсатында Шиелі аудандық білім бөліміне сұрау салу арқылы зерделеу жұмыстарын жүргізді. Нәтижесінде білім беру ұйымдары тарапынан бүгінгі күнге дейін мемлекеттік қызмет көрсетілмегені анықталды. Департаментпен аталған бұзушылыққа қатысты дереу ден

қою шараларын қабылдау нәтижесінде қызмет берушімен аталған өтінімдерге жауаптар ұсынылып, қызмет алушының бұзылған құқықтары қалпына келтірілді.

Қызмет көрсету мерзімдерінің бұзылуына жол бергені үшін тиісті жауапты тұлғалар түрлі тәртіптік жауапкершілікке тартылды.

Айта кетейік, жыл басынан бері Департаментпен 16 қызмет алушының құқығы қорғалып, қалпына келтірілді.

Қызмет алушылардың бұзылған құқықтарын қалпына келтіру жұмыстары Департаменттің негізгі басым бағыттарының бірі болып қала бермек. Осы бағыттағы жұмыстар өз жалғасын табатын болады.

Егер Сіздің мемлекеттік қызмет алуға құқықтарыңыз бұзылған болса, Қазақстан Республикасы Мемлекеттік қызмет істері агенттігінің Қызылорда облысы бойынша департаментіне шағымдануыңызға болады.

Мекен-жайымыз: Қызылорда қаласы, Сұлтан Бейбарыс І. Байланыс нөмірлері: 8 (7242) 70-56-36, 70-00-40.

Е.Ж. МЕНДАЛИЕВ
Департамент басшысы,
Әдеп жөніндегі кеңес төрағасы

«Қармақшы аудандық ауыл шаруашылығы мен жер қатынастары бөлімі» коммуналдық мемлекеттік мекеме басшысының 2025 жылдың I-тоқсанда арналған жеке тұлғаларды және заңды тұлға өкілдерін қабылдау кестесі

Қармақшы аудандық ауыл шаруашылығы мен жер қатынастары бөлімінің басшысы	Қабылдау күндері	Қабылдау уақыты	Мемлекеттік мекеменің мекен-жайы	Сенім телефоны
Омаров Асет Турмаханович	Дүйсенбі Бейсенбі	16:00-18:00 16:00-18:00	Қармақшы ауданы, Жосалы кенті, Ораз ахун көшесі №44 үйі	2-12-44

2025 жылғы I тоқсанда Қаракеткен ауылдық округі әкімі аппаратында ауылдық округ әкімінің азаматтарды және заңды тұлғалардың өкілдерін, оның ішінде аппарат қызметкерлерін қабылдау кестесі

№	Жеке қабылдауды жүргізетін адамның (тегі, аты, әкесінің аты)	Жеке қабылдауды жүргізетін адамның лауазымы	Жеке қабылдау күні мен уақыты	Қабылдау мерзімі
1	2	3	4	5
1	Токтаров Аділ Токтарұлы	Ауылдық округ әкімі	Сейсенбі, жұма күндері сағ: 15:00-17:00 аралығы	Апта сайын

ЖҰМЫСЫН ТОҚТАТСЫН

«Grew Team» ЖШС (БСН 220140021368) өзінің таратылатыны туралы хабарлайды. Барлық талап-шағымдар осы хабарланшы жарияланған күннен бастап 2 (екі) ай мерзім ішінде мына мекен-жайда қабылданады: Қызылорда қаласы, Атилла көшесі, 6 үй.

ТАҚЫРЫП КЕРЕК

2024 жылдың 5 желтоқсаны мен 2025 жылдың 3 қаңтары аралығында Қызылорда облысының көлемінде «Пиротехника» жедел алдын алу іс-шарасы өтуде.

Іс-шараның мақсаты – заңды және жеке тұлғалардың пиротехникалық өнімдерді сақтау, сатып алу, тасымалдау тәртібінің сақталуын тексеру, сертификатталмаған өнімді жеткізушілерді анықтау, осы өнімдердің салдарынан болатын төтенше жағдайлардың алдын алу болып табылады.

Осыған орай, Қызылорда облысы Полиция департаментінің Әкімшілік полиция басқармасы мен барлық бөліністердегі жергілікті полиция қызметі бөлімшесінің учаскелік полиция инспекторлары бірлесіп, облыс көлеміндегі базарлар мен ірі сауда орталықтарында рейдтік іс-шаралар ұйымдастыруда.



Іс-шара басталғалы барлығы 43 өкімшілік құқық бұзушылық анықталып, 1042 дана пиротехникалық бұйымдар тәркіленді.

МЕМЛЕКЕТТІК ҚЫЗМЕТ САПАСЫ – ЕЛ БОЛАШАҒЫ

Бүгінгі күні мемлекеттік қызмет көрсетудің басты мақсаттарының бірі- халыққа сапалы қызмет көрсету. Жалағаш ауданы әкімдігінің «Жаңаталап округі әкімінің аппараты» коммуналдық мемлекеттік мекемесінің қызмет көрсетудегі басты мақсаттарының бірі – Жаңаталап ауылдық округінің халқына, аз қамтылған отбасыларға, жұмыссыз азаматтарға, ардагерлерге, мүгедектігі бар адамдарға және өзге де жекелеген санаттағы мұқтаз азаматтарға әлеуметтік қолдау көрсетуді ұйымдастыру.

Осы мақсатта Жалағаш ауданы әкімдігінің «Жаңаталап ауылдық округі әкімінің аппараты» коммуналдық мемлекеттік мекемесі тарапынан заңды және жеке тұлғаларға 5 мемлекеттік қызмет түрлері көрсетіледі: «Жер учаскесінің нысаналы мақсатын өзгертуге шешім беру», «Сауда-саттықты (конкурстарды, аукциондарды) өткізуді талап етпейтін мемлекет меншігіндегі жер учаскелеріне құқықтарды алу», «Кент, ауыл жерлерінен жер учаскелерін беру», «Жер

учаскесін алу үшін кезекке қою», «Жер учаскесін жеке меншікке ақысын бірден төлеп не бөліп төлеу арқылы сату».

Мемлекеттік қызметті электронды алу үшін көрсетілетін қызметті алушыға электрондық цифрлық қолтаңбаны алу, сондай-ақ «электрондық үкіметтің» веб-порталында (www.e.gov.kz) немесе электрондық лицензиялауда (www.elicense.kz) тіркелу қажет.

Тұтынушыларға ақпараттық қолжетімділікті қамтамасыз ету мақсатында стандарттарға сәйкес ақпараттық тақтайшалар орнатылған. Сондай-ақ Әкімшілік ғимаратта халықтың уақытын тиімді пайдалану мақсатында «Өзіне өзі қызмет көрсету бұрышы» орналастырылған. Көрсетілетін мемлекеттік қызмет түрлерінің сапасын арттыру және атқарушылық тәртіптің деңгейін көтеру күнделікті бақылауда.

А.ЖҰМАТАЕВА
Жаңаталап ауылдық округі әкімі аппаратының жетекші маманы

ХАБАРЛАМА!

Қармақшы ауданы аумағындағы ауыл шаруашылығы жерлерінен шаруа немесе фермер қожалығын, ауыл шаруашылығы өндірісін жүргізу үшін уақытша өтеулі жер пайдалану (жалға алу) құқығын беру жөніндегі бөлімі» коммуналдық мемлекеттік мекемесінде 2025 жылдың 10 қаңтар сағат 9⁰⁰ - ден бастап 2025 жылдың 23 қаңтар сағат 19⁰⁰ - ге дейін қабылданады.

Конкурс өткізілетін орны Қармақшы ауданы, Жосалы кенті, Т.Рысқұлов көшесі №2А мекен-жайындағы Қармақшы аудандық әкімдігінің мәжіліс залы 24 қаңтар күні сағат 10⁰⁰ - ден бастап өткізілетіндігін хабарлаймыз.

1) Шаруа немесе фермер қожалығын, ауыл шаруашылығы өндірісін жүргізу үшін уақытша өтеулі жер пайдалану (жалға алу) құқығын беру жөніндегі конкурста қатысуға өтінімді;

Қазақстан Республикасының мемлекеттік емес заңды тұлғалары үшін - заңды тұлғаның атауы, оның тұрған жері, заңды тұлға ретінде мемлекеттік тіркелуі (қайта тіркелуі) туралы мәліметтер, жарғылық капиталдағы (жарғылық капиталдың жалпы мөлшерінен) үлестерінің мөлшері көрсетіле отырып, өтінім берушінің - заңды тұлғаның басшылары

мен қатысушылары немесе акционерлері туралы мәліметтер, өтінім берушінің үлестес тұлғалары туралы мәліметтер;

2) жеке тұлғалар үшін - өтінім берушінің тегі, аты және әкесінің аты (егер ол жеке басын куәландыратын құжатта көрсетілген болса), тұрғылықты жері, азаматтығы, жеке сәйкестендіру нөмірі, өтінім берушінің жеке басын куәландыратын құжат туралы мәліметтер;

3) өтінім беруші үміттеніп отырған жер учаскесінің орналасқан жері;

4) конкурстық ұсыныс;

5) өтінім беруші шаруа немесе фермер қожалығын, ауыл шаруашылығы өндірісін жүргізу үшін уақытша өтеулі жер пайдалану (жалға алу) құқығын беру жөніндегі конкурстың жеңімпазы деп танылған

жағдайда, шаруа немесе фермер қожалығын не ауыл шаруашылығы өндірісін жүргізу үшін ауыл шаруашылығы мақсатындағы жер учаскесін уақытша өтеулі жер пайдалану (жалға алу) шартына қол қою қажеттігі туралы хабарламаны алған күннен бастап үш жұмыс күні ішінде көрсетілген шартты жасасу жөніндегі міндеттеме қамтылуға тиіс.

Шаруа немесе фермер қожалығын, ауыл шаруашылығы өндірісін жүргізу үшін уақытша өтеулі жер пайдалану (жалға алу) құқығын беру жөніндегі конкурста қатысуға өтінімді жеке тұлғаның немесе Қазақстан Республикасының мемлекеттік емес заңды тұлғасының уәкілетті өкілдері Қазақстан Республикасының заңнамасына сәйкес берілген және рәсімделген сенімхаттың негізінде ұсына алады. Байланыс телефоны: 8(72437) 2-13-78, 2-22-45

Мемлекеттік меншіктегі жер учаскелерін шаруа немесе фермер қожалығын, ауыл шаруашылығы конкурста шығарылатын жер учаскелерінің тізбесі

№	Жер учаскесінің орналасқан орны	Жер учаскесінің көлемі, гектар	Жер учаскесінің нысаналы мақсаты	Жер пайдалану құқығы	Топырақтың сипаттамасы	Алқаптардың құрамы	Бонитет балы	Өңірдің ауыл шаруашылығы мамандануы	Сумен қамтамасыз етілуі мүмкіндігі
1	2	3	4	5	7	8	9	10	11
1	Қармақшы ауданы, Жосалы кенті, «Кентай» өңірі	120,0 гектар	Шаруа немесе фермер қожалығын, ауыл шаруашылығы өндірісін жүргізу үшін	Уақытша өтеулі жер пайдалану құқығын 10 (он) жыл мерзімге	Сұр қоңыр	Жайылымы 93,0 га Басқа алқаптары 27,0 га	1	Мал шаруашылығын жүргізу үшін	Жоқ
2	Қармақшы ауданы, Қармақшы ауылдық округі, «Дәуек» өңірі	300,0 гектар	Шаруа немесе фермер қожалығын, ауыл шаруашылығы өндірісін жүргізу үшін	Уақытша өтеулі жер пайдалану құқығын 10 (он) жыл мерзімге	Сұр қоңыр	Жайылымы 233,0 га Басқа алқаптары 67,0 га	5	Мал шаруашылығын жүргізу үшін	Жоқ
3	Қармақшы ауданы, III Интернационал ауылдық, «Байжан» өңірі	230,0 гектар	Шаруа немесе фермер қожалығын, ауыл шаруашылығы өндірісін жүргізу үшін	Уақытша өтеулі жер пайдалану құқығын 10 (он) жыл мерзімге	Сұр қоңыр	Жайылымы 178,0 га Басқа алқаптары 52,0 га	5	Мал шаруашылығын жүргізу үшін	Жоқ
4	Қармақшы ауданы, Дауылқол ауылдық округі, «Қос асар» өңірі	1500,0 гектар	Шаруа немесе фермер қожалығын, ауыл шаруашылығы өндірісін жүргізу үшін	Уақытша өтеулі жер пайдалану құқығын 10 (он) жыл мерзімге	Сұр қоңыр	Жайылымы 1163,0 га Басқа алқаптары 337,0 га	7	Мал шаруашылығын жүргізу үшін	Жоқ
5	Қармақшы ауданы, Жосалы кенті, «Қаражаға» өңірі	50,0 гектар	Шаруа немесе фермер қожалығын, ауыл шаруашылығы өндірісін жүргізу үшін	Уақытша өтеулі жер пайдалану құқығын 10 (он) жыл мерзімге	Сұр қоңыр	Жайылымы 39,0 га Басқа алқаптары 11,0 га	7	Мал шаруашылығын жүргізу үшін	Жоқ
6	Қармақшы ауданы, Ақжар ауылдық округі, «Ақкөл» өңірі	400,0 гектар	Шаруа немесе фермер қожалығын, ауыл шаруашылығы өндірісін жүргізу үшін	Уақытша өтеулі жер пайдалану құқығын 10 (он) жыл мерзімге	Сұр қоңыр	Жайылымы 310,0 га Басқа алқаптары 90,0 га	8	Мал шаруашылығын жүргізу үшін	Жоқ
7	Қармақшы ауданы, Қуандария ауылдық округі, «Тайша» өңірі	150,0 гектар	Шаруа немесе фермер қожалығын, ауыл шаруашылығы өндірісін жүргізу үшін	Уақытша өтеулі жер пайдалану құқығын 10 (он) жыл мерзімге	Сұр қоңыр	Жайылымы 116,0 га Басқа алқаптары 34,0 га	2	Мал шаруашылығын жүргізу үшін	Жоқ
8	Қармақшы ауданы, Қуандария ауылдық округі, «Жиделі» өңірі	50,0 гектар	Шаруа немесе фермер қожалығын, ауыл шаруашылығы өндірісін жүргізу үшін	Уақытша өтеулі жер пайдалану құқығын 10 (он) жыл мерзімге	Сұр қоңыр	Жайылымы 39,0 га Басқа алқаптары 11,0 га	3	Мал шаруашылығын жүргізу үшін	Жоқ
9	Қармақшы ауданы, Жосалы кенті, «Кентай» өңірі	250,0 гектар	Шаруа немесе фермер қожалығын, ауыл шаруашылығы өндірісін жүргізу үшін	Уақытша өтеулі жер пайдалану құқығын 10 (он) жыл мерзімге	Сұр қоңыр	Жайылымы 194,0 га Басқа алқаптары 56,0 га	4	Мал шаруашылығын жүргізу үшін	Жоқ
10	Қармақшы ауданы, Қармақшы ауылдық округі, «Бұйра» өңірі	350,0 гектар	Шаруа немесе фермер қожалығын, ауыл шаруашылығы өндірісін жүргізу үшін	Уақытша өтеулі жер пайдалану құқығын 10 (он) жыл мерзімге	Сұр қоңыр	Жайылымы 271,0 га Басқа алқаптары 79,0 га	2	Мал шаруашылығын жүргізу үшін	Жоқ
11	Қармақшы ауданы, Жосалы кенті, «Бектібай» өңірі	1000,0 гектар	Шаруа немесе фермер қожалығын, ауыл шаруашылығы өндірісін жүргізу үшін	Уақытша өтеулі жер пайдалану құқығын 10 (он) жыл мерзімге	Сұр қоңыр	Жайылымы 775,0 га Басқа алқаптары 225,0 га	4	Мал шаруашылығын жүргізу үшін	Жоқ

МЕНШІК ИЕСІ:

«Желтоқсан и К» ЖШС

Бас редактор
Сәрсенкүл Бәйдешқызы
БИҚОЖАЕВА

Бас редактордың орынбасары
Айдана ӘЛИАРЫСТАН

Редакцияның мекен-жайы:

Қызылорда қаласы
Абай даңғылы, 59/1

Телефон: 23-16-08
23-16-11

(E-mail: a_akshamy@mail.ru)
Газет Қазақстан Республикасы Байланыс және Ақпарат Агенттігінде тіркеліп
№14611-Г «7» қараша 2014 жылы күәлігі берілген.
Алғашқы есепке қою кезіндегі нөмірі мен мерзімі
№1026-Г - 11.01.2000 ж
Газет аптасына бір рет жарық көреді

ТАРАЛЫМЫ: 4000

Газет редакцияның компьютерлік орталығында теріліп, беттелді. Газет Қызылорда қаласындағы «PRINT» баспаханасында басылды.
Мекен-жайы: Қызылорда қаласы, А.Байтұрсынов көшесі, №49
Таралу аумағы: Қазақстан Республикасы
Тапсырыс

Газет бетіндегі жарияланымдардың позициясы мен фактілері үшін редакция жауап бермейді. Қолжазбалар өңделеді және авторларға қайтарылмайды. Газет материалдарын көшіріп басу үшін міндетті түрде редакцияның рұқсаты керек. Сурет сапасына редакция жауап бермейді

ЖЫЛ ҚОРЫТЫНДЫСЫ:

ЖАҚСЫ ЖОЛ - 92 ПАЙЫЗ



Биыл Қызылорда облысында республикалық және облыстық бюджеттен бөлінген 44 млрд. 703 млн теңгеге 300 шақырым автомобиль жолы жөндеуден өтті. Облыс орталығының негізгі көшелері Әуезжайдан Бейбарыс сұлтан көшесіне дейінгі аралық, қалаға Шиеліден кіреберіс жол, Яссауи, Жаппасбай батыр магистралды көшелері, Тәуелсіздіктің 25 жылдығы даңғылы төртжолалық болып кеңейтілді.

Қызылорда қаласында 4 млрд. 700 млн. теңгеге Жанқожа батыр көшесі арқылы өтетін теміржол асты автожолы, Арал, Жанакорған аудандарында теміржол үстінен аспапы көпір құрылыстары жүруде.

Жылдар бойы күн тәртібінен түспеген «Қызылорда-Жезқазған» автожолы Президенттің тікелей тапсырмасымен қайта жаңғыртылуда. Жоба құны – 108 млрд. 500 млн теңге. Қызылорда облысының аумағына тиесілі 216 шақырым жолдың 140 шақырымы аяқталды. Қалған бөлігі 2026 жылы ел игілігіне беріледі.

Мұнан бөлек, көпшілікті толғандырған «Батыс Еуропа-Батыс Қытай» халықаралық дәлізінің Қызылорда қаласынан Ақтөбеге дейінгі аумағын төрт жолақтыға айналдыру мәселесі де Мемлекет басшысының тапсырмасымен шешімін табуда. Халықаралық дәліздің осы аумағын І-санатқа ауыстыру бойынша «ҚазАвтоЖол» акционерлік қоғамы жоба-сметалық құжаттама әзірлеуде.

Биыл Қызылорда қаласының шет аймақтарындағы ұзындығы 43 шақырым болатын 46 көшені орташа жөндеуге 3 млрд. 217 млн. 300мың теңге бөлініп, жұмыс толық аяқталды.

Сонымен қатар 29 шақырым болатын 16 көшеге жаяу жүргіншілер жолы салынды.

КӨЛІК КӨҢІЛДЕН ШЫҒУДА



Қызылорда қаласының сол жағалауында жоба құны 975 млн. теңгеге құрайтын жаңа автовокзал құрылысы салынып, пайдалануға берілді.

Қызылорда қаласының қоғамдық көлік мәселесін шешу бағытында 2022-2024 жж. «Өнеркәсіпті дамыту қоры» АҚ-ы арқылы 7% лизингпен табиғи газ отынымен (метан) қозғалатын 300 дана «Yutong ZK6852 HG» автобус алынды.

Бүгінгі таңда «Қызылорда» автобус паркі» ЖШС-і қалалық 32 маршрутты қамтып отыр.

Қызылорда қаласында «Экотакси» қызметін құру жобасы бойынша 100 дана электромобиль алынып, Қызылорда қаласының тұрғындары мен қонақтарына қызмет көрсетуде.

«Қазақстан Темір Жолы» компаниясы және жергілікті кәсіпкерлердің демеушілігімен Қызылорда қаласындағы теміржол вокзалы ғимаратына, оның іргелес аумағына 600 млн. теңгеден астам қаржыға күрделі жөндеу жұмыстар жүргізілді.

Темір жол вокзалы аумағындағы сауда орындары ғимаратының құрылысы аяқталып, пайдалануға берілді.

ЖАҢА ӘУЕЖАЙ – ЖАҢА БАҒЫТ



«Болат Өтемұратов қоры» Жеке қорының демеушілігімен салынған Қызылорда қаласындағы «Қорқыт Ата» әуежайының жаңа жолаушылар терминалы пайдалануға берілді. Атап айтқанда, «Болат Өтемұратов қоры» «Қызылорда қаласының «Қорқыт ата» әуежайының жаңа жолаушылар терминалының құрылысы» жобасын іске асыруға 16,6 млрд. теңгені (33,0 млн. АҚШ долл.) арнайы бөлді. Осы ретте, облыстық бюджеттен 4,3 млрд. теңге қаржы қаралып, Қызылорда қаласы әкімдігімен жаңа жолаушылар терминалына сыртқы инженерлік-коммуникациялық инфрақұрылымдарын жеткізу жұмыстары жүргізілді.

Жаңа терминалды іске қосу әуе айлағының өткізу мүмкіндігін 7 есеге – жылына 300 мыңнан 2 млн. жолаушыға дейін арттырады. Жаңартылған «Қорқыт Ата» терминалы Халықаралық әуе көлігі қауымдастығының (IATA) және Халықаралық азаматтық авиация ұйымының (ICAO) жоғары стандарттарына сәйкес келеді.

Аптасына 26 ішкі рейс жүзеге асырылады (17-сі Астанаға, 9-ы Алматыға). Осы жылдың маусым айында Анталы (Түркия) қаласына халықаралық чартерлік рейс іске қосылды.

Ақтау және Атырау қалаларында қосымша рейстер ашу, сондай-ақ «Қызылорда-Көкшетау», «Қызылорда-Ақтөбе», «Қызылорда-Қарағанды» сияқты әуе бағыттарды әлеуметтік маңызы бар рейстер тізбесіне енгізу жоспарлануда.

ЖАҢА ЖАБДЫҚТАР – ЖАҢА МҮМКІНДІКТЕР

Қызылорда облысы әкімдігінің, денсаулық сақтау басқармасының қолдауымен облыстық перинаталдық орталыққа 19,5 млн. теңгенің анестезиялық-тыныс алу аппараты және 55, 6 млн. теңгеге үш операциялық шам сатып алынды.



Бұл заманауи медициналық жабдықтар орталықта көрсетілетін қызметтердің сапасын арттыруға, күрделі операцияларды жоғары деңгейде жасауға, ана мен бала өмірін сақтауға мүмкіндік береді.

Анестезиялық-тыныс алу аппараты операция, шұғыл көмек көрсету кезінде қауіпсіз анестезия жасауға арналған. Құрылғы жоғары дәлдікпен пациенттердің денсаулығын барынша қорғайды. Ал операциялық шамдар күрделі хирургиялық шаралар кезінде жарықтың тура түсін қамтамасыз етіп, дәрігерлердің жұмыс сапасын жақсартады, қауіпті азайтады.

Медициналық техникалар ана мен бала өмірін қорғау жұмысын жаңа сатыға көтереді.

ДАҢҒАРАДАЙ ДАҢҒЫЛ



Аймақ басшысының қолдауымен Қызылорда қаласында жол құрылысы қарқын алып, басты жолдар мен көшелердің аясы кеңейтілуде. Байыпты бастамалардың бірі – осы Тәуелсіздікке 25 жыл даңғылында жүргізілуде.

Бұл жоба 2024-2025 жылдарға жоспарланған, екі кезеңнен тұрады. Жолды кеңейту жұмыстары 27-ші тамыздан бастау алды. Жобаның бірінші кезеңі бойынша бюджеттен бөлінген қаржыға ұзындығы 6 711 метрді құрайтын даңғыл екі жолақтыдан төрт жолақтыға ауыстырылуда. Яғни, С. Бейбарыс көшесінен бастап Жастілек көшесіне дейінгі бөлігі кеңейтіліп, жобада қарастырылған 4 қабат асфальт жабынының 3 қабаты салынды. Соңғы мастика қоспасы бар асфальт қабаты 2025 жылы салынады. Жоба аясында Әбілқайырхан көшесі мен Есенов көшелерінің аралығындағы Сырдария өзенінің бөгетін нығайту жұмыстары да қоса жүргізілуде. Жұмысты атқарушы «УАД» ЖШС-гі.

Сондай-ақ, жобаның екінші кезеңі яғни, даңғылдың Әбілқайырхан көшесінен бастап Саламатов көшесіне дейінгі бөлігіне жаңадан 4 жолақты жол құрылысын салу үшін жоба әзірленіп, мемлекеттік сараптамадан өтуде. Жоба 2025 жылы жүзеге асырылады.

Айта кету керек Тәуелсіздікке 25 жыл даңғылы қолданысқа берілгеніне 8 жыл өтті. Қала сыртын айналып өтетін осы даңғылдың бойында кептелістер көптеп орын алатыны жасырын емес. Өйткені, арнайы техникалар мен ауыр жүк көліктері, ауыл шаруашылығы техникаларының да осы жолмен өтуі жолдың тар болуына байланысты жеңіл көліктерге қауіп тудырып келеді.

Осы жобаның нәтижесінде Тәуелсіздікке 25 жыл даңғылының бойындағы, сондай-ақ, «Ескі базар» аумағындағы көлік кептелісі түбегейлі шешіледі деп күтілуде.

КӨПІРЛЕР ҚАЙТА ЖАҢҒЫРТЫЛАДЫ

Аймақ басшысының қолдауымен Қызылорда қаласының жол - көлік инфрақұрылымы қарқынды дамуда. Іргелі бастамалар барлық салаларда көрініс табуда. Биыл магистральды жолдардың аясы кеңейтілді. Соның бірі – Әуежай жолы. Жалпы ұзындығы 13 шақырымды құрайтын жол 4 жолақты болып кеңейтілді. Осындай ауқымды шаралар арқылы әуежайға іргелес жатқан ПМК-66, ПМК-29, Еңбек саяжайлары мен Сырдария ауданына қарасты Амангелді, Жетікөл, Айдарлы ауылдық округтерінің тұрғындарына, қалаға келуші қонақтарға қолайлы жағдай жасалды.

Жүйелі жұмыстар келер жылы да жалғасын тауып, Әуежайға барар жолдың бойындағы 3 автомобиль көпірін кеңейту жұмыстары жүргізілетін болады. Нәтижесінде «Шіркейлі», «Сыздық» және «Жаңадария» каналдарындағы көлік қозғалысы екі жолақтан төрт жолаққа ауыстырылады.

«Шіркейлі» каналы және «Сыздық» каналдары арқылы өтетін автомобиль көпірлерін кеңейту жұмыстарын мердігер мекеме «Жылу 21» ЖШС атқаратын болады. Бүгінде мекеме құрылыс алды дайындық жұмыстарын бастап кетті. Ал, «Жаңадария» каналы арқылы өтетін автомобиль көпірін кеңейту бойынша мемлекеттік сатып алу конкурсы жүргізілуде.

Бұл көпірлердің басты қызметі - жол-көлік инфрақұрылымын дамыту, сондай-ақ, Қызылорда қаласының халықаралық маңызы бар автокөлік трассасын қауіпсіз және үздіксіз көлік ағынымен байланыстыру.

АҚША ЖАСАУДЫҢ АМАЛЫ?..

Қызылорда облысы әкімінің бірінші орынбасары **Жаналинов Данияр Еренғалиұлының** төрағалығымен **құқық қорғау органдарының жауапты өкілдері, тиісті салалық басқарма басшылары қатысқан жиын өтіп, «Артспорт» бағдарламасын зерделеу барысы пысықталды.**

Аймақ басшысы Н.Нәлібаевтың тапсырмасына сәйкес облыстық прокуратура жанындағы құрамында құқық қорғау органдары бар жұмысшы тобы «Артспорт» бағдарламасымен жұмыс жасайтын өнім берушілерді тексеруде.

Бүгінде жұмысшы топ 19 субъектінің жұмысын саралап, 127,2 млн.теңге қаражатты заңсыз иемдену фактілерін анықтаған. Анықталған бұзушылықтардың 106,1 млн. теңгесі мәдениет саласына, 21,1 млн.теңгесі спорт саласына тиесілі.

Тиісті басқармалармен қатар жергілікті атқарушы органдардың, қала және аудан әкімдіктерінің көмегімен «Даму бала» платформасына тіркелгендер арасынан атаналары 5740 баланың шын мәнінде шығармашылық үйірмелер мен спорттық секцияларға қатыспайтынын растап отыр.



Күшейтілген зерделеуден соң өнім берушілер жалған тізімге тіркелген 13 731 баланы алып тастаған.

Облыс әкімінің бірінші орынбасары Д.Жаналинов осы бағыттағы жұмысты тиісті мамандарды жұмылдырып күшейтуді және жеделдетуді тапсырды.

Зерделеу қорытындысы шыққан соң, мәдениет және спорт басқармалары 125 кәсіпкермен келісім-шартты біржақты бұзған. Оның ішінде 55 кәсіпкер өз еркімен жұмысын тоқтатқан. Қазір 16 кәсіпкер заңсыз иемденген қаражатты өз еркімен бюджетке қайтаруда, бұл бағыттағы жұмыс өлі де жүруде.

Облыс әкімінің тапсырмасымен жыл көлемінде жүргізілген мониторинг нәтижесінде бұл мақсатқа қаралған қаржының 3 млрд. теңгеден астамы бюджетке қайтарылды. «Артспорт» бағдарламасын зерделеу барысы облыс әкімдігінде апта сайын тұрақты қаралатын болады.

ЗЕБЕШЕВ БАЗАРДА ЖҮР...

Аймақ басшысының тапсырмасымен облыс әкімінің орынбасары Ардақ Зебешев сауда нысандарының қазіргі ахуалы, санитарлық жағдайы, өрт қауіпсіздігі, әлеуметтік маңызы бар азық-түлік тауарларының бағасы және т.б. мәселелер бойынша сауда үйлері мен базарларды аралады.

Аралатуға Сауда және интеграция министрлігі Қызылорда облысы бойынша сауда және тұтынушылардың құқығын қорғау департаменті, Бәсекелестікті қорғау және дамыту агенттігінің Қызылорда облысы бойынша департаменті, облыстық санитарлық-эпидемиологиялық бақылау, төтенше жағдайлар, полиция департаменттері, кәсіпкерлік және

өнеркәсіп, ауыл шаруашылығы және жер қатынастары басқармалары, Қызылорда қаласының әкімдігі, «Байқоңыр» ӘКК» АҚ және БАҚ өкілдері қатысты.

«Small», «Қызылорда» сауда желілерінде, «Сұлтан», «Сыбаға» базарларында Жаңа жыл қарсаңында әлеуметтік маңызы бар азық-түлік тауарларының бағасын негізсіз өсірмеу, тазалық сақтау, бейберекет саудаға жол бермеу туралы айтылып, қауіпсіздік шарттары түсіндірілді.

Бұл жұмыстар «Жібек жолы» сауда ойын-сауық орталығында, «Асбол» сауда базарында және тағы да басқа сауда желілерінде жалғасады.

ЖАҢА АВТОСАЛОН АШЫЛДЫ

Қызылорда қаласындағы көлемінде шетелдік брендтегі автокөлік сататын 10-ға жуық диллерлік орталық халыққа қызмет көрсетуде. Енді осындай орталықтардың қатарын «Geely» автосалоны толықтырды.

Мұнда тұтынушыларға арналып көліктің таңдаулы маркалары ұсынылған. Салон иесі Бағдат Ібраев 1 млрд. теңгеге жуық инвестиция құйып ашқан орталықта 20 адам тұрақты жұмыспен қамтылған. Сұлтан Бейбарыс көшесі, №56 А мекен-жайда орналасқан орталықтың аумағы 4 640 шаршы метрді құрайды. Сұранысы жоғары автокөліктерді сатылымға шығаратын автосалон сапалы қызмет көрсетеді.

Брендті автокөлік салонының ашылу салтанатына қатысқан қала әкімінің орынбасары Пакуатдин Шамұратов орталық жұмысының қызметіне сәттілік тіледі.

«Мемлекет бәсекеге қабілетті шағын және орта бизнес субъектілерін құру, бизнесті сапалы дамыту, оның экономикадағы үлесін арттыру мәселесіне баса мән береді. Біз кәсіп иелерін уақытта қолдауға әрқаз да дайынбыз. Жаңа автосалонның халыққа сапалы қызмет ете беруіне тілектеспін!»-деді Пакуатдин Сражадинұлы.



Айта кету керек биыл облыс орталығындағы жеке кәсіпкерліктің 1 мың 409 жобасы барлық қаржы көздерінен 30 млрд теңгеге қаржыландырылды.

Нәтижесінде қала кәсіпкерлерінің саны 33 мыңнан, ондағы жұмыспен қамтылған адамдар саны 65 мыңнан асты. Өндірісі өркендеген шаһарда шағын және орта кәсіпкерлікпен 300 млрд теңгеге өнім өндірілді.

Жыл қорытындысы

ҰЛУ ЖЫЛЫ

ӨСІМ 4,4 %-ды ҚҰРАДЫ

Алдын ала бағалау бойынша осы жылдың 11 айының қорытындысы бойынша ЖІӨ өсімі 4,4%-ды құрады, ол негізінен мұнайдан тыс секторды дамытумен қамтамасыз етілген. Экономика өсімінің 70%-дан астамы өңдеу өнеркәсібі, сауда, ауыл шаруашылығы және құрылыс есебінен қалыптасты. Салалар бөлінісінде келесідей динамика байқалады: ауыл шаруашылығында жалпы өнім шығарудың 13,4%-ға өсуі байқалды, бұл 2011 жылдан бергі ең жоғары көрсеткіш саналады; құрылыста – 10,3%; саудада – 8,2%; көлік қызметтерінде – 8,1%; байланыста – 5,3%; өңдеу өнеркәсібінде – 5,3%. Жалпы, аталған кезеңде отандық тауарлар өндірісі 5%,-ға, көрсетілген қызметтер 4,5%-ға өсті. Негізгі капиталға салынған инвестициялар көлемі 3,1%-ға артып, 15,8 трлн. теңгеге жетті.

СЫРТҚА САТУ КӨБЕЙІП, СЫРТТАН ӘКЕЛУ АЗАЙДЫ

Сыртқы сауда айналымы биылғы 10 айда \$116,9 млрд-ты құрады. Қазақстандық тауарлардың экспорты 5,1%-ға өсті, ақшаалай баламада көрсеткіш – \$68,5 млрд. Бұл ретте өңделген тауарлардың экспорты 10,2%-ға ұлғайып, \$23,3 млрд-қа жетті. Шикізаттық емес экспорттың тұрақты өсуі көбінесе қазақстандық тауарларды Қытай мен Түркияға жеткізу көлемінің артуымен, сондай-ақ Еуропа нарықтарындағы қатысудың кеңеюімен байланысты.

ҚХР-ға экспорт көлемі 5,3%-ға өсіп, \$12,3 млрд-ты құрады. Бұған мемлекет пен бизнестің бірлескен белсенді жұмысы ықпал етті. Қытай тұтынушылары арасында отандық өнімдердің танымалдылығын арттыру мақсатында қазақстандық компаниялардың CIFITIS, CIE, Digital Exro сынды үлкен көрмелерге және басқа да шараларға қатысуы қамтамасыз етілді. Сондай-ақ jd.com, Doiyin, Alibaba электронды платформаларындағы ұлттық павильондар арқылы тауарларды ілгерілету жұмыстары жанданып, стримингтер ұйымдастырылды.

Ирландия, Швейцария және Франция сияқты ЕО елдеріне экспорттық ағындарды өсіру олардың диверсификацияланғанын көрсетеді. Сонымен қатар Қырғызстан мен Тәжікстан сияқты көршілес елдерге шикізаттық емес экспорттың өсуі Қазақстанның саудасы үшін Орталық Азия өңірінің

маңыздылығын айғақтайды. Биылғы қызмет көрсету экспорты 10,5%-ға өсіп, \$8,4 млрд деңгейінде тіркелді. Осы сектордың драйверлері болып тасымалдау, IT, қаржы және басқа іскерлік қызметтер салалары аталды.

Сонымен бірге есепті кезеңде импорт 3,3%,-ға қысқарды. Импорттың төмендеуімен қатар жүретін экспорт көлемінің ұлғаюының нәтижесі экономиканың оң сауда балансының 33,4%-ға өсуі болды. Аталған көрсеткіш \$20,1 млрд деңгейінде қалыптасты.

Қабылданған шаралардың нәтижесінде биыл инфляция төмендеп, қараша айында жылдық мәнде 8,4%-ды құрады. 2023 жылдың тиісті кезеңінде инфляция 10,3% деңгейінде болды.

ДЕРБЕС НЕСИЕЛІК РЕЙТИНГ ТҰРАҚТЫ

2024 жылдың 9 қыркүйегінде Moody's халықаралық рейтинг агенттігі несиелік рейтингті «Тұрақты» деген болжаммен «Ваа2»-ден «Ваа1»-ге дейін көтерді.

2024 жылдың 15 қарашасында Fitch еліміздің несиелік рейтингін «BBB» деңгейінде растады, сонымен қатар болжамды «Тұрақты» деңгейде ұстады.

2024 жылдың 1 наурызында S&P болжамды «Тұрақты» деңгейде сақтап қалып, дербес несиелік рейтингті «BBB-/A-3» деңгейінде растады.

Несиелік рейтингтің жоғарылауы экономикалық және қаржылық тұрақтылықты нығайтуға, еліміздің халықаралық аренадағы беделін жақсартуға ықпал етеді, капитал нарықтарынан инвестициялар тартуға және экономикаға тікелей шетелдік инвестициялар көлемін ұлғайтуға оң әсер етеді. Айта кету керек, мемлекеттің рейтингі неғұрлым жоғары болса, сыртқы нарықта қарыз алу шарттары соғұрлым жақсы болады.

“ОТАНДЫҚТАРМЕН” КЕЛІСІМ КӨБЕЙДІ

Үкімет осы жылы кәсіпорындарды одан әрі ірілендіруге және қосылған құны жоғары өнім шығаруға баспа назар аударып отырып, отандық тауар өндірушілерді қолдау жөнінде бірқатар шаралар қабылдады. Осындай шаралардың бірі шетелдік әлеуетті өнім берушілердің тауарларды, жұмыстар мен көрсетілетін қызметтерді мемлекеттік сатып алуға және квазимемлекеттік компанияларды сатып алуға қатысуына қол жеткізуді шектеу болып саналады. Биыл тізбе 3 еседен астамға – 4 536 атауға дейін кеңейтілді. Нәтижесінде, тек 2024 жылдың 9 айында мони-

торинг субъектілерінің тауарларды, жұмыстарды және көрсетілетін қызметтерді сатып алу көлемі 21,2 трлн. теңгені құрады, оның ішінде елішілік құндылығы 11 трлн. теңгеге немесе 51,8%-ға жетті. Жылдың 11 айында отандық тауар өндірушілермен жасалған шарттардың сомасы 34,4%-ға өсіп, 372,9 млрд. теңгені құрады. Офтейк-келісімшарттар бойынша көлемі 14 есеге, 134 млрд. теңгеге дейін өсті. Қатты пайдалы қазбалар мен ОТӨ бойынша жер қойнауын пайдаланушылар арасында жалпы сомасы 111,1 млрд. теңгеге 248 ұзақ мерзімді шарт және 27,8 млрд. теңгеге 42 офтейк-келісімшарт жасалды. Салыстыру үшін: 2023 жылдың сәйкес кезеңінде 47,5 млрд. теңгеге 35 ұзақ мерзімді шарт және 4,8 млрд. теңгеге 10 офтейк-келісімшарт жасалған болатын. 2024 жылдың қорытындысында қатты пайдалы қазбалар бойынша жер қойнауын пайдаланушылардың жұмысы мен қызметтерін сатып алуға елішілік құндылық үлесі бойынша индикатор 81% деңгейінде айқындалды; 2025 жылға арналған жоспарда оны 82%-ға дейін жеткізу көзделген.

ШОБ ҮЛЕСІ АРТТЫ

Отандық тауар өндірушілерді қолдаудың қабылданған шаралары экономикадағы шағын және орта бизнестің үлесін 1,8%-ға ұлғайтуға мүмкіндік берді және бүгінде ол 38,2%-ды құрайды. Осы жылдың 1 желтоқсанында жұмыс істеп тұрған ШОБ субъектілерінің саны 1,5%-ға артып, 2 млн. кәсіпорыннан асты. Осы секторда барлығы 4,2 млн-нан астам қазақстандық жұмыспен қамтылды. Бұл ретте шағын және орта бизнес субъектілерінің өнім шығару көлемі 2024 жылдың 2 тоқсанында 19,1%-ға ұлғайып, 34,2 трлн. теңгені құрады.

Қазақстанда экспорттаушыларды мемлекеттік қолдау жаңа деңгейге жетті: бизнеске 6,3 млрд. теңге көлемінде шығындарды өтеу қамтамасыз етілді. Салалардың өртараптандырылуына ерекше назар аударылып отыр. Бұл елдің экспорттық әлеуетін кеңейтуге ықпал етеді. Қабылданған өтімдер саны бойынша көшбасшылар қатарында Қостанай облысы, Алматы қаласы, Алматы және Қарағанды облыстары тұр. Биыл жалпы 500-ге жуық компания түрлі қолдау шараларын алды, оның ішінде экспорттық акселерация бағдарламасына қатысу, Alibaba.com платформасына шығу, көрмелер мен сауда-экономикалық миссияларға қатысу, шығындарды өтеу және басқа да шаралар бар. Олардың 90%-дан астамы азық-түлік саласындағы шағын және орта бизнес субъектілері.

МИЛЛИОНДАРДЫ БІРІКТІРДІ

Мемлекет басшысы Қасым-Жомарт Тоқаевтың бастамасымен биылғы сәуір айынан бастап республикалық «Таза Қазақстан» экологиялық акциясы бастау алды.

Осы жылдың наурыз-қараша айлары аралығында ұйымдастырылған акция 5,83 млн-нан астам адамның басын біріктірді. Іс-шаралар аясында жалпы сенбіліктер өткізілді, олардың барысында 1,1 млн тоннадан астам қоқыс жиналып, 1,6 млн-нан астам ағаш отырғызылды.



«Таза Қазақстан» акциясы аясында заңсыз қоқыс үйінділерін анықтау бойынша рейдтер жүргізілді. Аумақтық экология департаменттерімен және жергілікті билік органдарымен бірлесіп көптеген қоқыс орны жойылды.

«Таза ауа» рейдтері барысында 482 автокөлік тексеріліп, экологиялық стандарттарды бұзудың 105 фактісі анықталды. 96 жүргізушіге айыппұл мен ескерту түріндегі әкімшілік сипаттағы шаралар қолданылды. Бұл шаралар экологиялық нормаларды сақтаудың маңызды екенін көрсетеді, жол қозғалысына қатысушылардың жауапкершілігін арттырды.

Жобаның ерекше жетістігі – азаматтарға экология саласындағы проблемалар туралы хабарлауға және оларды шешуге қатысуға мүмкіндік беретін @TazaQazBot цифрлық платформасының құрылуы болды. Осылайша, бір жыл ішінде чат-бот арқылы 7 929 өтім келіп түсті. Олардың ішінде 7 061 өтім орындалды, 168-і орындалу сатысында, 23-і өңделуде және 674 өтім жойылды.

Олардың арасында ең жиі келіп түскен өтімдер: аумақтарды тазалау – 2 142 өтім, тұрмыстық қоқысты шығару – 668 өтім, көшелерді абаттандыру – 648 өтім, жолдарды жөндеу бойынша – 595 өтім.

Өңірлер арасында Алматы көш бастап тұр – 2 014 өтім. Одан кейінгі орында Астана тұр – 1 587 өтім. Үшінші орында Қарағанды облысы – 757 өтім.

ЖӘРМЕҢКЕЛЕР ЖАРАП ТҰР...

Осы жылдың желтоқсан айының басынан бастап еліміздің өңірлерінде 250-ден астам ауыл шаруашылығы жәрмеңкесі өткен. Оған миллионға жуық адам келген. Ресми орындар мәліметінше Қарағанды облысында 110 тонна, Алматыда 90 тонна, Шымкентте мерекелік демалыс күндері 45 тонна картоп сатылған.

Жәрмеңкелермен қатар өңірлердегі сауда сөрелеріне тұрақтандыру қорындағы көкөністер де шығарылуда. Ауыл шаруашылығы вице-министрі Ермек Кемжанұлының айтуынша 19 желтоқсан күні мәліметке сәйкес тұрақтандыру қорындағы 9,2 тонна картоп, 2,6 тонна сәбіз, 2,8 тонна пияз бен 2,1 тонна қырыққабат сатылған.

Өткен аптаның қорытындысы бойынша әлеуметтік маңызы бар азық-түлік өнімдері бағасының орташа өсу индексі – 0,1%-ды, ал жыл басынан – 1,1%-ды құрады.

ҚАНТ ҚАТ БОЛМАЙДЫ

Елімізде қант қызылшасының орташа өнімділігі гектарынан 535,5 центнерді құрап, шамамен 1,3 млн. тонна жиналған. Биылғы жылдың 20 желтоқсанындағы жағдай бойынша қазақстандық қант зауыттары өңдеуге 988,6 мың тонна өнім қабылдады: «Ақсу қант» зауыты – 351,7 мың тонна (оның ішінде Жамбыл облысынан – 39,3 мың тонна); Көксу қант зауыты – 252,6 мың тонна; Меркі қант зауыты – 384,3 мың тонна.

Қалған өнім өңдеуге дейін фермерлердің қант қызылшасы үйінділерінде сақтаулы. Сонымен қатар фермерлерге қант қызылшасын қай зауытқа тапсырғанына қарамастан, қолданыстағы тәртіп бойынша өкімдіктер мен қант зауыттары тарапынан субсидиялар төленеді.

ӨРТ АЗАЙДЫ

2024 жылы Қазақстанның ТЖ жүйесінде маңызды реформалар жүргізілді. ТЖМ басқарудың жаңа тактикасын және жаңартылған ұйымдастырушылық құрылымды енгізді.

Өңірлік бөлімшелер саны 87-ден 28-ге дейін қысқартылып, негізгі қызметтердің жұмысын

құшейтуге мүмкіндік берді. Цифрландыру бойынша вице-министр лауазымы енгізіліп, сонымен қатар Республикалық жедел штаб жаңғыртылды.

Өртпен күреске ерекше назар аударылуда. 2024 жылы 324 табиғи өрт тіркелді, бұл 2023 жылмен салыстырғанда (868 өрт) 2,6 есе аз. Қарағанды, Ақмола және Қостанай облыстарындағы ормандарда өртті ерте анықтау жүйесін енгізу ормандағы өрт аумағын айтарлықтай азайтуға ықпал етті.

ҚАР БАРЫСЫ 180-ге ЖЕТТІ

Бүгінде елімізде жануарлардың сирек кездесетін және жойылып кету қаупі төнген түрлерінің тізбесінде жануарлардың 227 түрі тіркелген, оның ішінде 131 түрі омыртқалылар және 96-сы омыртқасыздар.

Қар барысының санын қайта қалпына келтіру бойынша бірқатар кешенді шаралар қабылданды, олардың негізгі тіршілік ету учаскелерінде 3,6 млн га аумағында ерекше қорғалатын табиғи аумақтар құрылды. Қазіргі кезде қар барысы мекендейтін жерлердің 70%-ға жуығы осындай ерекше аумақтармен қорғалған. Есепке алу және мониторинг жүргізудің заманауи әдістері, фототүзақтар мен спутниктік телеметрия белсенді қолданылады. 11 барыс спутниктік арнайы мойын қарғысымен таңбаланды.

Қар барыстарын қорғау және мониторинг жүргізу бойынша қабылданған шаралардың нәтижесінде олардың саны 90-шы жылдардағы ең төменгі деңгейден (80-100 бас) екі есеге артып, 180 басқа дейін жетті.

ЖОЛБАРЫСТАР ЖОРТЫП ЖҰР...

Биыл жолбарыстарды тарихи мекеніне қайта жерсіндіру жөніндегі бағдарламаны іске асыру аясында Іле-Балқаш мемлекеттік табиғи резерваты (415 мың га) құрылды. Жолбарыстың табиғи азық қорын қайта қалпына келтіру үшін 2018 – 2024 жылдар аралығында резерваттың аумағына 205 бас тоғай бұғысы әкелінді, 100-ден астам құланды қоныс аудару жұмыстары жүргізілді, еліктер мен қабандар популяциясы көбейтілді. Биыл күзде Іле-Балқаш резерватында арнайы торлы қоршауда өсіру үшін Нидерландыдан 2 жолбарыс әкелінді.

2025 жылы Ресей Федерациясынан 3-4 жолбарысты алып келу күтілуде.

Өкелінген жолбарыстардың тұқымдары Қазақстан аумағында 70 жылдан кейін қайта пайда болған алғашқы жабайы жолбарыстар болады деген үміт бар.

КЕРҚҰЛАН ЖЕРСІНДІ

Қазақстан аумағында толығымен жойылып кеткен құланның саны 1956 жылы Түркіменстаннан өкелінген 14 құланның негізінде бүгінгі күні 4493 басқа жетті. Керқұланды қайта жерсіндіру жұмыстары жалғасуда. Бұрын бұл жылқылар еліміздің 9 облысын мекен еткен. Пржевальский жылқысы өлемдік жабайы табиғаттан 1960-жылдардың соңына қарай жойылып кеткен болатын. Алайда ағымдағы жылы Қостанай облысындағы «Алтын Дала» резерватына Прага хайуанаттар бағынан алғаш рет 7 бас Пржевальский жылқысы әкелінді. Жалпы, 2029 жылға дейін 40 бас жылқы әкелу жоспарланып отыр.

КӨЛІК ТАСЫМАЛЫ КӨБЕЙДІ

Көлік саласының тұрақты дамуын қамтамасыз ету үшін кешенді шаралар қабылданды. Биыл жол-құрылыс жұмыстарымен 12 мың км жол қамтылды. Қарағанды – Алматы (879 км), Талдықорған – Өскемен (768 км), Ақтөбе – Қандыағаш (96 км), Атырау – Астрахань (212 км) сияқты негізгі төрт автомобиль дәліздері реконструкциядан өтті. Қазір бұл жолдарда жаңа асфальт төсеуімен қозғалыс ашылған.

Шетелдік рұқсат бланкілерін беру саласында бірқатар реформалар жүзеге асырылды, атап айтқанда бланкілер электрондық форматқа көшіріліп, оларды беру мерзімі 8 күннен 1 күнге дейін қысқартылды және ірі монополистердің басымдылық құқығы тоқтатылды. Аталған шаралар өз кезегінде отандық тасымалдаушылардың мүддесін қорғауға және тасымал көлемін арттыруға бағытталған. Жыл қорытындысы бойынша қазақстандық тасымалдаушылармен жасалатын рейстер саны Өзбекстанмен 5 мыңнан 33 мыңға дейін, Қытаймен 50 мыңнан 230 мыңға дейін артуда.

Сонғы екі жылда қоғамдық көлік паркі 3 267

автобұсқа жаңарып оның тозу деңгейі 40%-дан 30%-ға дейін төмендеген. Сонымен қатар биыл 1 401 шақырым теміржол желісі жөндеуден өткізіліп, 185 локомотив, 1 500 жүк және 143 жолаушылар вагондары сатып алынды.

Авиация саласында қазақстандық компаниялар 10 ұшақ сатып алып, тасымалдау сыйымдылығын 7%-ға арттыруға ықпал етті. Халықаралық өуе маршруттарының желісі 22 бағыт бойынша кеңейтілді. Алматы мен Қызылорда өуежайларында жаңа терминалдардың құрылысы аяқталды. Шымкент өуежайындағы жұмыс аяқталуда.

Сонымен бірге Халықаралық транскаспий дәлізінің өткізу қабілетін ұлғайту бойынша да жұмыстар жүргізіліп жатыр. Биылғы 11 айда аталған бағыт арқылы тасымал көлемі 63%-ға өсіп, 4,1 млн тоннаға жетті. Контейнерлік тасымалдар 2,6 есеге, оның ішінде Қытайдан келетін транзит 26 есеге артқан.

Қабылданған шаралардың нәтижесінде, 11 айдың қорытындысы бойынша «Көлік және қоймалау» саласындағы нақты көлем индексі (НКИ) 108,1%-ды құрады, жоспарлы көрсеткіш – 108%. Көлік қызметінің көлемі қаржылай түрде 13%-ға өсіп, 7,7 трлн. теңгеге жетті. Саланың өсу қарқынына жүк тасымалындағы жалпы көлемнің артуы әсер етуде, ол 977,3 млн. тоннаны құрады, бұл өткен жылдың сәйкес кезеңінің көрсеткішінен 9,2%-ға жоғары. Оның ішінде автомобиль көлігімен жүк тасымалы 19,8%-ға, құбыр арқылы тасымалдау 7,5%-ға және теміржол көлігімен жүк тасымалы 2,6%-ға өсті. Ішкі тасымалдар 8,8% өсім көрсетуде.

Жалпы транзиттік жүк тасымалының көлемі 6,1%-ға, контейнерлік транзит 8,7%-ға артты. 11 айда 165 млрд. жолаушы тасымалданған, бұл да 9,2%-ға өсімді көрсетеді. Шығыс Қазақстан және Ақмола облыстарында автокөлігімен жүк және жолаушылар тасымалының өсуі байқалды. Алматы қаласында қосымша қызмет көрсету, өуе, автомобиль және теміржол көліктерімен жүк пен жолаушы тасымалының көлемі артқан. Батыс Қазақстан, Алматы және Ақтөбе облыстарында құбыр және автомобиль көлігімен жүк тасымалының көлемі артты. Жалпы, барлық өңірлер бойынша оң динамика байқалады.

Келесі жылы Қызылорда – Жезқазған, Қалбатау – Майқапшағай жолдарын реконструкциялау жұмыстары жалғасады. Қызылорда – Ақтөбе, Қарағанды – Жезқазған және Сарыағаш айналма жолдары бойынша жаңа жобалар басталып, жолдар 4 жолақты қозғалысқа көшіріледі.

ӨСІМ ҰЛҒАЙДЫ

ЖЕРГІЛІКТІ БЮДЖЕТТЕРДІҢ КІРІСТЕРІ КӨБЕЙДІ

Жергілікті бюджеттерге келетін болсақ, олардың өз кірістері 108%-ға орындалды және 7,2 трлн. теңгені құрады. Жоспар 525 млрд. теңгеге асыра орындалды. Өткен жылдың осындай кезеңімен салыстырғанда кірістер 26,5%-ға өсті немесе 1,5 трлн. теңгеге көп түсті.

Бюджет шығыстары бойынша: мемлекеттік бюджет жоспарланғаннан 94%-ға, республикалық – 96%-ға, жергілікті – 92%-ға орындалды. Республикалық бюджет бойынша сомасы 20,8 трлн. теңгеге шығыстар жүргізілді, мұнда әлеуметтік бағыттың басымдығы сақталып қалды.

Мемлекет негізгі әлеуметтік міндеттемелерге:

- зейнетақы мен жәрдемақыға – 5,2 трлн. теңге;
- өңірлерге субвенцияларға – 4,8 трлн. теңге;
- міндетті медициналық сақтандыру қорына – 1,6 трлн. теңге жұмсады.

Жергілікті бюджеттердің шығыстары 13 трлн. теңгені құрады. Шығыстардың негізгі үлесі:

- әлеуметтік салаға – 6,6 трлн. теңге (51%);
- тұрғын үй-коммуналдық шаруашылыққа – 1,9 трлн. теңге (14,6%);
- көлік және коммуникацияға – 1,2 трлн. теңге (9,3%);
- ауыл шаруашылығына – 750 млрд. теңге (5,7%) бағытталған.

Бюджетті атқарудың маңызды компоненттерінің бірі – мемлекеттік сатып алу процесі болып саналады. Оның көлемі 8,8 трлн теңгені құрады. Өткен есепті кезеңде мемлекеттік сатып алудан үнемдеу есебінен бюджет қаражатын оңтайландыру 840 млрд теңгені құрады.

Бұдан басқа, 6,9 трлн теңге бюджет қаражатына 1 460 аудиторлық іс-шара өткізілді. Шамамен 271 млрд. теңгеге қаржылық бұзушылықтар анықталып, оның ішінде 221 млрд. теңге сомасында қаржылық бұзушылықтар күшін жойды.

ОРТАША ЖЫЛДАМДЫҚ – ЖОЛ ҚАУІПСІЗДІГІ

2023 жылы қазан айында ӨҚБТК мен жол қозғалысы туралы заңнамаға өзгерістер енгізетін заңдарға қол қойылды. Аталған өзгерістер екі кезеңде күшіне енеді: негізгі бөлігі 2023 жылғы 4 желтоқсанның бастап, ал мопедтерге қатысты толықтырулар 2025 жылғы 4 сәуірден бастап қолданылады.

Жаңа ережелерде екі камера арасындағы жол учаскесінде орташа жылдамдықты асыру үшін жауапкершілік қарастырылған. Мұндай учаскеде жылдамдықты 60 км/сағ-тан артық асырып өткен жағдайда, 5-тен 40 айлық есептік көрсеткішке дейін, яғни 18 460-тан 147 680 теңгеге дейін айыппұл салынады. Сондай-ақ жүргізуші куәлігінсіз мас күйінде көлік басқарған немесе медициналық куәландырудан бас тартқан жүргізушілерге жүргізуші куәлігін алу үшін емтихан тапсыруға тыйым салу мерзімі 7 жылға дейін ұзартылды.

ЖОЛ ҚАУІПСІЗДІГІ

**ЖОЛ ҚОЗҒАЛЫСЫ ЕРЕЖЕСІН БҰЗУДЫ
25 МЫҢ АВТОМАТТЫ КАМЕРА ТІРКЕЙДІ**

**1,02 МЛН ЖЫЛДАМДЫҚ РЕЖИМІН
БҰЗУДЫ – МОБИЛДІ КЕШЕНДЕР АНЫҚТАДЫ**

**43,3 МЫҢ ЖОЛ ҚОЗҒАЛЫСЫ ЕРЕЖЕСІН
БҰЗУДЫ – ЖАСЫРЫН ПАТРУЛЬДЕР ТІРКЕДІ**

**ЕКІ КАМЕРА АРАСЫНДА 60 КМ/САҒ
АСҚАНЫ ҮШІН АЙЫППҰЛ – 5-40 АЕК**

**КӨЛІКТІ МАС КҮЙІНДЕ ЖҮРГІЗГЕНІ НЕМЕСЕ МЕДИЦИНАЛЫҚ
КУӘЛАНДЫРУДАН БАС ТАРТҚАНЫ ҮШІН: 7 ЖЫЛҒА ДЕЙІН «ЖҮРГІЗУШІ
КУӘЛІГІ» ЕМТИХАНЫН ТАПСЫРУҒА ТЫЙЫМ САЛЫНАДЫ**

**МОПЕДТЕР ҮШІН «А1» САНАТЫНДАҒЫ ТІРКЕУ БЕЛГІЛЕРІ
МЕН ЖҮРГІЗУШІ КУӘЛІГІ МІНДЕТТІ САНАЛАДЫ**

Мопедтер үшін міндетті түрде тіркеу және «А1» санатындағы жүргізуші куәлігін алу талабы енгізілді. Сонымен қатар электромобильдерде белгісі болмағаны үшін айыппұлдар қарастырылған және осындай көліктерге арналған зарядтау станцияларын құру талаптары енгізілді.

ТІРКЕУ КАМЕРАЛАРЫ ТӨМЕНДЕТТІ

Жол қауіпсіздігін арттыру мақсатында ІІМ жолдардағы жазатайым оқиғаларды азайту жұмыстарын жалғастыруда. Тиімді әдістердің бірі – жол қозғалысы ережелерін бұзуды автоматты түрде тіркеу камераларын пайдалану. Бүгінде елімізде осындай 25 мыңнан астам камера жұмыс істейді, олар жолдардағы барлық құқық бұзушылықтың 69%-ын тіркеген. Жүргізушілерді даярлаудың сапасын арттыру үшін өзін-өзі дайындау алынып тасталды, енді оқыту тек сертификатталған автоматтептер арқылы жүргізіледі.

Мобилді жүйелер көмегімен осы жылдың 11 айында жолдарда 1,02 млн-нан астам жылдамдық режимін бұзу фактілері тіркелді. Жол көлік оқиғалары санын азайту мақсатында кейбір өңірлерде «жасырын» патрульдер белсенді түрде қолданылады, бұл жолдарда үнемі полицияның болуы әсерін тудырады. Мұндай шаралар қазірдің өзінде бірнеше облыста жол апатынан қаза тапқандар санының азаюына әкелді.

Қазақстан жолдарындағы қауіпсіздікті арттыру үшін аумақтық ПД теңгерімінде ЖҚЕ бұзушылықтарын тіркеуге арналған мобилді бағдарламалық-аппараттық кешендермен жабдықталған 268 патрульдік автомобиль бар. 2024 жылы 10 айда бұл кешендер жылдамдық режимінің 872 мыңнан астам бұзылуын тіркеді.

Астана (4 автокөлік), Ақтөбе (11), Атырау (6), Қарағанды (2), Қостанай (3), Солтүстік Қазақстан (1), Жетісу (1), Ұлытау (1) және Түркістан (1) облыстарында «жасырын» патрульдер белсенді қолданылуда. «Жасырын» патрульдерді қолдану нәтижесінде 43,3 мың бұзушылық тіркелді. Бұл шаралар аталған өңірлерде жол-көлік оқиғаларынан қаза тапқандар санын едәуір азайтуға мүмкіндік берді.

Металлургия

Мықты болып түр

Еліміздің металлургия өнеркәсібінде 11 айдың қорытындысы бойынша өңдеуші өнеркәсіптің негізгі секторларында оң динамика байқалады, өсім 5,3%-ды құрады. Министрлік жетекшілік ететін салалар бойынша өсім – 6,1%. Өсім металлургия өнеркәсібі (+7,2%), машина жасау (+6,9%), химия (+8,4%), дайын металл бұйымдары (+29,5%) және жиһаз өндірісі (+12,8%) есебінен қамтамасыз етілді.

Металлургия өнеркәсібі 2016 жылдан бері алғаш рет 7,2%-ға өсті. Ол «Қазхром», «ЕвразКаспиан-Сталь», «ҚазФерроСталь» сияқты бірқатар ірі кәсіпорындардың өндіріс көлемінің ұлғаюы есебінен, сонымен қатар Qatmet-тің толыққанды жұмыс істеуін қалпына келтіру бойынша жүргізіліп жатқан жұмыстарды есебінен қамтамасыз етілді.

Қара металлургия саласына өсім 10,8%-ды құрады. Саланың оң көрсеткішке жетуіне отандық өндірушілерді металл сынықтарының қажетті көлемімен жүктеу шаралары оң әсерін тигізді. Бүгінгі таңда шойын өндірісі 14,4%-ға, болат 6,3%-ға, тегіс илектенген металл 20,4%-ға артты. Түсті металлургия саласы мыс өндіру көлемінің 13,3%-ға, мырыштың 0,8%-ға және алюминий өндірісінің 1,5%-ға ұлғаюы есебінен 4,8%-ға өсті. Машина жасау саласында ауыл шаруашылығы техникасы 15,4%-ға, темір жол көлігі 1,6 есе, электр жабдықтары 8,1%-ға, электронды-оптикалық жабдықтар және компьютерлер көлемі 1,7 есе артты.

Жаңа өндірістерді іске қосу есебінен тұрмыстық техника өндірісі 4,4 есе өсті. Жалпы сала бойынша өндіріс көлемінің деңгейі 106,9%-ды құрады. Химия өнеркәсібінде күкірт қышқылы 20%-ға, сары фосфор 13,2%-ға, сондай-ақ полипропилен өндірісінің жоспарлы жобалық қуатының 49%-ға ұлғаюы есебінен өндіріс көлемі 8,4%-ға өсті. Сондай-ақ дайын металл бұйымдарын өндіру 29,5%-ға, жиһаз – 12,8%-ға, қағаз өндірісі 10,2%-ға өсіп, оң динамика көрсетті. Бұл салалардың жалпы жиынтық өсімі, жеңіл өнеркәсібі, құрылыс материалдары өндірісі сияқты өңдеу өнеркәсібіндегі үлесі төмен салалардағы төмендеуді жауып отыр.

Ауыл өнімі ұлғайды

Биылғы 11 айда ауыл шаруашылығы жалпы өнімінің көлемі 11,6% жылдық жоспармен 13,4%-ға артып, 7,8 трлн. теңге құрады.

Өсімдік шаруашылығында орташа өнімділік гектарына 16,1 центнер болғанда 26,7 млн. тонна астық жиналды, оның ішінде бидай 19,8 млн. тонна, күріш 563 мың тонна. Сондай-ақ 2,9 млн. тонна картоп, 3,9 млн. тонна көкөніс, 3,2 млн. тонна майлы дақылдар және 300 мың тонна мақта жиналды. Мал шаруашылығында сойыс салмақта ет өндірісінің 4%-ға, сиыр сүтінің 4,4%-ға және тауық жұмыртқасының 1,2%-ға өскені байқалды.

Ауыл шаруашылығында өндірістің өсуі табиғи-климаттық жағдайлардың қолайлы болуы және Үкіметтің егіс жұмыстарын қаржылық және материалдық-техникалық қамтамасыз ету шараларын уақытында қабылдауы есебінен қамтамасыз етілді. Алғаш рет көктемгі егіс жұмыстарына берілетін жеңілдетілген кредит көлемі 3 есеге ұлғайтылып, жылдық таза 5%-бен рекордтық 580 млрд теңгеге дейін жеткізілді. Осындай қаржылай қолдаудың арқасында астықтың көп мөлшерде жиналуына байланысты енгізілген минералды тыңайтқыштар көлемі 1,2 млн. тоннаны құрады, бұл өткен жылдың деңгейінен 2 есе жоғары болды, ауыл шаруашылығы техникасын жаңарту деңгейі 5,5%-ға дейін жеткізілді.

Аталған кезеңде тамақ өнімдерінің өндірісі 2,1%-ға артып, шамамен 3 трлн. теңгені құрады. Атап айтқанда, келесідей импортқа тәуелді өнім түрлерінің өсімі байқалды, ірімшік пен сүзбе 8,7%-ға, шұжық өнімдері 4,1%-ға, сары май 2,9%-ға және өсімдік майы 12%-ға өсті.

ЖАНАР-ЖАҒАР МАЙ ЖЕТКІЛІКТІ

Биылғы жылғы қаңтар-қараша айларының қорытындылары бойынша шамамен 12,3 млн тонна мұнай өнімдері өндірілді немесе өткен жылдың сәйкес кезеңімен салыстырғанда 101,7%.

Оның ішінде:

- автобензин бойынша көрсеткіш 4,9 млн. тоннаны немесе өткен жылмен салыстырғанда 102,1%-ды құрады;
- дизель отынын өндіру көлемі 4,9 млн. тоннаны немесе өткен жылмен салыстырғанда 104,3%-ды құрады.

Бүгінгі таңда автомобиль көлігімен бензинді, дизель отынын және мұнай өнімдерінің басқа да жекелеген түрлерін елден тыс жерлерге әкетуге тыйым салу туралы энергетика, қаржы министрліктері мен Ұлттық қауіпсіздік комитетінің бірлескен бұйрығы қолданыста екенін атап өткім келеді. Авиаотын бойынша көрсеткіш шамамен 0,68 млн тоннаны құрады, өткен жылдың сәйкес кезеңімен салыстырғанда 21,4%-ға өсті.

ҚИНАЛҒАН ӘЙЕЛДЕРДІҢ БАРАР ЖЕРІ БАР...

2024 жылы полицияға тұрмыстық зорлық-зомбылық туралы 100 мыңға жуық хабарлама келіп түскен. Бұған жауап ретінде 72 мың қорғау нұсқамасы, сондай-ақ 16 мың жағдай бойынша сот шешімдері қабылданған.

Сондай-ақ елімізде зорлық-зомбылық құрбандарына арналған 69 дағдарыс орталығы жұмыс істейді, оған жыл басынан бері 5,5 мың әйел, оның ішінде 3,7 мыңы балалары бар ана жүгінген. Ішкі істер министрлігі күш-жігерінің нәтижесінде соңғы 5 жылда әйелдер құқығына қол сұғатын қылмыстар саны екі есеге, атап айтқанда, зорлық-зомбылық қылмыстары 37,9%-ға, оның ішінде кісі өлтіру 49,3%-ға және ауыр дене жарақатын салу 8,7%-ға қысқарды.

ТҰРМЫСТЫҚ ЗОРЛЫҚ-ЗОМБЫЛЫҚТЫҢ АЛДЫН АЛУ, ӘЙЕЛДЕР МЕН БАЛАЛАРДЫҢ ҚҰҚЫҒЫН ҚОРҒАУ



ЖАҢА ЗАҢ ҚАБЫЛДАНДЫ – ӘЙЕЛДЕР МЕН БАЛАЛАРҒА ҚАТЫСТЫ ЗОРЛЫҚ-ЗОМБЫЛЫҚ ҮШІН ЖАЗА КҮШЕЙТІЛДІ



ПОЛИЦИЯҒА ТҰРМЫСТЫҚ ЗОРЛЫҚ-ЗОМБЫЛЫҚ ТУРАЛЫ 100 МЫҢ ӨТІНШІ ТҮСТІ



72 МЫҢ ҚОРҒАНЫС ҰЙҒАРЫМЫ ЖАЗЫЛДЫ



16 МЫҢ СОТ ШЕШІМІ ҚАБЫЛДАНДЫ

69 ДАҒДАРЫС ОРТАЛЫҒЫНА 5,5 МЫҢ ӘЙЕЛ ЖІБЕРІЛДІ



35 МЫҢНАН АСТАМ ЗАҢСЫЗ ИНТЕРНЕТ-РЕСУРСТАР АНЫҚТАЛДЫ



СУИЦИД ПЕН ЗОРЛЫҚ-ЗОМБЫЛЫҚТЫ НАСИХАТТАЙТЫН 127 САЙТ АНЫҚТАЛДЫ



- **12 МЫҢНАН АСТАМ ПРОФИЛАКТИКАЛЫҚ ІС-ШАРАЛАР ӨТКІЗІЛДІ**
- **ОҚУ ОРЫНДАРЫНДА 94 МЫҢНАН АСТАМ ТҮСІНДІРУ ЖИЫНДАРЫ ҰЙЫМДАСТЫРЫЛДЫ**
- **ЖАСӨСПІРІМДЕР ЖАСАҒАН ҚЫЛМЫСТАР САНЫ 6%-ҒА АЗАЙДЫ**

ЖАСӨСПІРІМДЕР ҚЫЛМЫСЫ АЗАЙДЫ

Балалар құқықтарын қорғау және көмекке толмағандар арасындағы қылмыстың алдын алу саласында да айтарлықтай нәтижелерге қол жеткізілді. Биыл 12 мыңнан астам профилактикалық іс-шара өткізілді. Балаларды қорғау мақсатында еліміздегі әрбір мектепке ювеналды полиция қызметкерлері бекітіліп, олар тұрақты түрде бала құқығы бойынша сабақтар өткізеді және қылмыс жасауға бейім балаларды анықтайды. Оқу орындарында осыған орай 94 мыңнан астам іс-шара ұйымдастырылды.

Сонымен қатар жыл басынан бері 35 мыңнан астам заңсыз интернет-ресурс, оның ішінде суицид пен зорлық-зомбылықты насихаттайтын 127 сайт анықталды. Алдын алу шараларының нәтижесінде жасөспірімдер қылмысының саны 6%-ға төмендеді. Көмекке толмағандар жасаған кісі өлтіру 29%-ға, ұрлық 19%-ға, тонау 15%-ға төмендеген.

ҚҰРЫЛЫС ИНВЕСТИЦИЯСЫ АРТТЫ

Елімізде құрылыс саласында оң динамика байқалуда. 11 айдың қорытындысы бойынша құрылыс жұмыстарының көлемі 6,9 трлн. теңгені құрап, өткен жылдың сәйкес кезеңімен салыстырғанда 10,3%-ға өсті. Тұрғын үй салуға тартылған инвестициялардың көлемі 19%-ға, ғимараттар құрылыстарына бағытталған инвестициялардың көлемі 12%-ға артты. Өңірлер бөлінісінде Маңғыстау және Атырау облыстарында құрылыс жұмыстарының көлемі төмендеді. Қалған 18 өңір бойынша өсу серпіні сақталуда.

Осы жылдың 11 айында 16,3 млн шаршы метр тұрғын үй пайдалануға берілді. Бұл өткен жылдың сәйкес кезеңінен 8,3%-ға жоғары. Республика бойынша барлығы 146 мыңға жуық тұрғын үй тапсырылды.

МҰНАЙ ӨНДІРУ ТӨМЕНДЕДІ

Мұнай мен конденсат өндіру көлемі 80,5 млн тоннаны немесе өткен жылдың сәйкес кезеңімен салыстырғанда 98%-ды құрады.

Оның ішінде мұнай-газ саласының ірі компаниялары бойынша: Теңіз кен орнында аталған кезеңде 25,9 млн тонна мұнай өндірілді, бұл өткен жылдың сәйкес кезеңімен салыстырғанда 97,9%-ды құрайды. Қашағандағы мұнай өндіру көлемі 15,8 млн тоннаны немесе өткен жылдың сәйкес кезеңімен салыстырғанда 92,8% болды.

Қарашығанақ жобасының көрсеткіші 11,1 млн тоннаны немесе өткен жылдың сәйкес кезеңімен салыстырғанда 100,9%-ды құрады.

Өткен жылмен салыстырғанда өндіру деңгейінің төмендеуіне 2024 жылы ірі кен орындарында күрделі жөндеулер жүргізу әсер етті. Теңізде Келешекте кеңейту жобасының жоспарланып отырған іске қосылуына байланысты мамыр және тамыз айларында жалпы ұзақтығы 50 күн жөндеу жүргізілді, Қашағанда 21 күнге толық тоқтай отырып, слаг-кәтчерді ауыстыру бойынша жөндеу жүргізілді. Бұдан басқа, Қарашығанақ кен орнындағы өндірістің төмендеуіне жоспардан тыс тоқтаулар мен Орынбор газ өңдеу зауытының газды қабылдауды шектеуі, Каспий Құбыр Консорциумының жоспарлы-профилактикалық жұмыстарға тоқтауы әсер етті. Сондай-ақ биылғы 26 қазаннан бастап технологиялық ағынға будың ішкі ағыуына байланысты Теңіз кен орнының екінші буын зауытындағы жөндеу жұмыстары әсер етті.

2024 жылдың қорытындысы бойынша мұнай өндіру 87,8 млн. тонна деңгейінде күтіледі. Жоспарлы өндіру көрсеткішіне жол жеткізбеу мұнай экспорттауға әсер етті. Мәселен, есепті кезеңде 63,2 млн тонна мұнай экспортталды немесе өткен жылдың сәйкес кезеңімен салыстырғанда – 98,3%.


Акмешіт Акшамы

Сырдария ауданының «Сәкен Сейфуллин» ауылындағы белгілі кәсіпкер Б.Рахметовтың үйінде XVIII-ші ғасырда өмір сүрген Сыр еліне белгілі Ақылды Жүзжасар батыр, биге арнап ұрпақтары ас берді. Асқа Астана, Алматы, Ақтобе, Тараз, Қызылорда қалалары мен Жалағаш, Қармақшы, Шиегі, Сырдария аудандарынан 300-ден аса баба ұрпақтары мен қонақтар жиналды.

Аста облысымызға белгілі абыз ақсақалдар, 97 жастағы тереңзектік Рақымжан Байменов, 92 жастағы қызылордалық Дүйсенбай Қуатов, жалағаштық 91 жастағы Мыңбай Байтынов, өңірімізге белгілі Қуанышбай Үркімбаев, «Жалағаш ауданының Құрметті Ардагерлері» Өмірбек Жүсіпов, Батырбек Маншарипов, Тынымкүл Алмағанбетова, бидің тікелей ұрпағы, Бұқарбай батырдың ұрпағы, ардагер-ұстаз Олабаева Мадина сөз алып Жүзжасар бабамыздың ел бірлігін, ынтымақтығын сақтауға қосқан еңбегі, елде әділ бір ретіндегі қабылданған шешімдері туралы ел аузында қалған естеліктерін айтты. Сондай-ақ ел ақсақалдарына, аналарымызға, сырттан келген қонақтарға шапандар, камзол, ақ жаулықтар таратылды. Бұдан бұрын отыз шақты би ұрпақтары тамыз айында Ұлытауға барып, Бұланты-Білеуі бойындағы кезінде қазақ-қалмақ шайқастары болған, қазір қасиетті пантеонға айналған «Бұланты» кешеніне барып, бабаға арнап ескерткіш тақта орнатып, құрбан шалып, аруақтарға құран бағыштап қайтқан болатынбыз. Ол жерде бабамыздан басқа табын руының атақты батырлары Бөкенбай, Сәрке, Байтен батырлармен қатар қазақ-қалмақ шайқастарының қаһармандары, қазақтың Үш жүзінің алпыстан аса батырларына ескерткіш тақталар орнатылған екен.

қазақ әскерінің құрылымында Қасым хан салған жеңімпаз жорықтардың, Есім ханнан қалған ұлы стратегиялық шабуылдардың, Жәңгір ханның тактикалық соғыс үлгісіне айналған ерлік өнегесінің жалғасы үзіліп, сабақтастығы жойылған еді. Күштіні ғана мойындайтын, қорыққанын ғана сыйлайтын қатыгез заманда әлсіздік танытып, босануға болмайтынын, көсігеннің бәрі көрпелі өзіне тартып, бөлектену опа бермейтінін уақыттың ашы сабағы тағы көрсетті. 1718 жылы жоңғар басқыншыларына қарсы дарынсыз соғыс жүргізіліп, 30 мың әскер түгел шейіт болды. Бұл сәтсіз әрекеттер қалың қасіреттің басы, «Ақтабан шұбырындының» алқиссасы ғана болатын...».

Еліміздің батысында Ойрат бірлестігінің бір бөлігі Еділ қалмақтарымен де қиянескі шайқастар жүріп жатты. Ресейдің белгілі тарихшысы, өлкетанушысы, педагог, Орынбор Ғылым мұрағаты комиссиясының Құрметті мүшесі В.Н.Витевский 1897 жылы «Иван Иванович Неплюев және 1758 жылы құрамындағы Орынбор өлкесі» атты еңбегінде: «...Қазақстанның солтүстік-шығысында Орта жүз бен Жоңғар ұлысы арасындағы шайқастар қызып жатты, Абылай ханның жоңғар тұтқындығынан босағанына екі жыл болған кез, ал Қазақстанның батысында кіші жүз Ресейдің қолдап отырған қалмақтармен соғыста жеңіске жеткен еді, бірақ бұл шайқастарда күш-қуаты сарқылып, Ресей империясы бодандығына кіруге мәжбүр болды. Қырғыздар (қазақтар автор Х.Қ.) біздің білуімізше бұрындары да Жайық пен Еділ арасында көшіп жүрген қалмақтар мен шекаралық аймақтарда тұрып жатқан орыс ауылдары (селоларына) мен қазақтар форпосттарына шабуылдар жасайтын, енді олардың жорықтары үлкен қауіпке айналып отыр. Неплюевке (Орынбор губернаторы,



Ақылды Жүзжасар Би

Уикипедия — ашық энциклопедиясынан алынған мәлімет. Жүзжасар Ақылды туған және қайтыс болған жылдары белгісіз би. Қазіргі Қызылорда облысының Жалағаш ауданы маңында дүниеге келген. Жетіру құрамындағы табын руынан шыққан. Тапқырлығы, шешендігі аңызға айналып, есімі халық жадында сақталған. Бұланты - Білеуі шайқасында мерт болған Сәрке батырдың денесін туған өлкесіне, Қорқыт ата қорымына арулап жерлеп, батырдың аруағына арнап ас берген. Жүзжасар бидің ел бірлігін сақтауға қосқан еңбегі туралы халық ақыны Ш.Жұбанұлы: "...Текеде Жүзжасар би, Тұржан ақын, Ерлердің атамайын қалайша атын...", — деп жырлаған.

Жүзжасар бидің ерліктері Қазақстан Республикасы әлеуметтік ғылымдар академиясының академигі, тарих ғылымдарының докторы Хайролла Ғабжаліповтың бастамасымен құрылған «Алаш» тарихи-зерттеу орталығымен 2006 жылы шыққан «Қазақ ру-тайпаларының тарихы» 2 кітабының 121 бетінде: Шонбай ақынның «Шежіре-дастанында» Сыр табындары есімдері қатарында көрсетілген.

Ерлік, батырлық - қасиетті ұғым. Туған халқын, отбасын жаудан қорғау көрегіңде намысы бар әрбір адамға, азаматқа тән. Қазақтың, одан бұрын өмір сүрген ата-бабаларымыздың мыңдаған жылғы тарихын сараласақ, біздің қазақ батырларының жан-жақтан анталаған жаудан қасиетті жерді, елді қорғаудағы ерліктері ұшан-теңіз.

Сонымен үш ғасыр өтсе де ұрпақтары ұмытпай, ұлықтаған Жүзжасар би кім?

Қазақ халқы ежелден батылдығымен, ержүректілігімен ерекшеленген. Қазақ халқының сан ғасырлық асыл арманы Тәуелсіздік жолында халқымыздың басынан неңдей соғыстар, шайқас, нәубеттер, оқиғалар өтпеді десенші. Әсіресе ХҮІІ ғасырдың аяғы мен ХҮІІІ ғасырдың басында қазақ елінің сыртқы саяси жағдайы шиеленісіп, қазақ елі өте ауыр жағдайға тап болды. Қазақ жеріне жан-жақтан анталаған жоңғар-қалмақтар, орыс казактары, башқұрттар, онтүстікте коңандықтар мен қырғыздар көз тікті. Олардың ішінде ең қауіптісі жоңғар-қалмақтар еді.

«Егемен Қазақстан» газетінің шолушысы Ж.Жағыпарұлы өзінің «Қазақ хандығы» атты қысқаша танымдық макаласында: «Ойраг одағы туралы: «...Болат ханның билік құраған жылдарымен бірге төрт ғасыр дәуірлеген Қазақ хандығының «алтын ғасыры» аяқталып, Жоңғар одағы кең сахараны қанға бөктіріп, қазақ халқы «Ақтабан шұбырынды, Алқакөл сұламаға» ұшырады. Басқыншылар соның бестен үшін өлтірген, яғни екі миллион адамның бір миллион екі жүз мыңын жоқ еткен. Тарихи мәліметтер бойынша Жоңғар мемлекеті билігін тигізін Сыбан Раптан ұстаған кезінде, жоңғарлар қазақ жеріне жеті рет (1698-1711-1712-1714-1718-1723-1725 жылдары) жойқын шабуыл жасап, басып кіріпті. Соның ішінде төрт алапат соғыс өз Тәуке ханның тұсында орын алған. Сыбан Раптан қонтайшы 1698 жылы жазда қазақ хандығының жеріне басып кіреді. Асығыс жиналып, қарсы тұрған қазақ әскерін талқандап, Шу өзенінің сағасында, Талас бойында қоныстанған қалың елді қырып-жойып, он мыңнан астам адамды тұтқындап, орасан мол мал-мүлікті олжалайды. Олардың тағы да Қазақ еліне жорық жасағалы жатқанын естіп, 1710 жылы Тәуке хан бүкіл Қазақ мемлекетінің құрылтайын шақырады. Бабаларымыз бас біріктіріп, тізе қосып, жоңғарға қарсы күреске шығу туралы шешім қабылдайды. Тарихта алғаш рет Қазақ хандығы әскерінің басылығына хан да емес, сұлтан да емес қарадан шыққан қас батыр Бөкенбай (табын Қараұлы авт.Х.Қ.) сайланады. 1711 жылы Бөкенбай батыр жасағы қазақ жерінде қарсылық көрмей, қандайсыған қалмақтарды тоқтатып, алғашқы соққы берді. 1712 жылы жоңғар басқыншыларын осырата жеңіп, қазақ жерінен түріп шығарды. Ал 1714 жылы қазақ еліне тағы да басып кірген қалмақтарға қарсы тұрған біздің кісіндер ойсырай жеңіліс табады. Осы соғыстың қорытындысынан аңғарылатын бір мәселе, Тәуке хан тұсында

автор) өшіккен Әбілқайыр хан қырғыздар шабуылдарын тоқтатуға шара көрмегені былай тұрсын, қайта керісінше ртеі келгенде олардың қолтығына су бүркіп, азғырып, айдап салып отырды. 1745 жылдың күзінде қалмақтар қырғыздардың 1100-ден 3000-ға дейінгі бас жылқысын айдап алып кетеді. Жайық казактарының қалмақтардан 806 бас жылқысы мен Жайық қаласында өлген 74 жылқының терісін тартып алғанына қарамастан қырғыздар қалмақтардан кек алуды ойластырады. Жайықтың төменгі сағасын мекендеген Жайық казактарымен арадағы болуы мүмкін шайқастан аулақ жүріп, 1746 жылдың қысында қырғыздар Каспий теңізінің солтүстік жағалауы арқылы Гурьевтен (Атырау автор) төмен отырған қалмақ ұлыстарына 13 ақпанда кенеттен шабуыл жасап, 55 адамның қаза қылып, 600-ден аса адамды тұтқына алып, 2477 бас жылқы, түйе, ірі кара малын олжалаған. Одан басқа қырғыздар Астрахан көпесі Леонтия Боковтың шаруашылығын тонап, оған елеулі шығын келтіріп, 18 ақпанда Қаражардан төмендегі Екоктаевтан Еділ жағасындағы Қалмақ форпостына кетіп бара жатқан мемлекеттік меншіктегі арбалы куереуге шабуыл жасап, 11 қалмақты өлтіріп, 6 Жайық қазағын тұтқындап, тиелген астықты (үн, жарма) талап алған. 1500 сарбаздан құралған қырғыздардың тек 20-сы ғана Жайық казактарымен қаза болып, 4-уі тұтқына түскен. Тұтқына түскеннің 2-уі Астраханда қаза болып, Еділ арқылы Ставропольге жөнелтілген екеуінің аяғы кісенделген біреуі суға секіріп, қаза болған...».

Міне бұл жерде Ресей әскері құрамында арысы шведтер, берісі түріктерді, Кап тауы халықтары мен қит етсе Ресей казактары мен әскерлеріне қару алу жүргізген, бүкіл шығыс Еуропаны шауып шұлағтан жана заманауи қарумен қаруланған үш ғасыр бойы соғысып, ата жау атанған жоңғар-қалмақтармен Кіші жүз казактарының бір ғана шайқасы бейнеленген.

Қазақ халқының ежелгі ата жауы осы жоңғар-қалмақтармен еліміздің онтүстік-батысы Сыр бойында да небір шайқастар өтті. Шәкәрім Құдайбердіұлы «Алаштың анасы» атаған қасиетті Сыр елі тамырын тереннен тартқан құтты орда. Сыр өңірі аталатын ежелден ерлік пен елдіктің, береке мен бірліктің, өнер мен мәдениеттің киелі мекенінен көптеген ақын-жазушы, жыршы, өнер иелері, батырлардың есімі, ерліктері халыққа белгілі.

Оқырмандарға Жүзжасар бабамыз туралы толық мәлімет беру үшін Сыр елінің белгілі қаламгері Ахат Жанаев ағамыздың «Акмешіт апталығы» газетінің 25 шілде 2003 жылғы N30 санында жарияланған макаласынан үзінді келтіріп кетейік: «...өте зерек, алғыр, һәм соғыс өнерінің қыр-сырын жетік менгеріп, шар болаттай ширғып өскен. Әсіресе, найзагерлікке келгенде алдына жан салмағанға ұқсайды. Осындай қасиеттерін жіті қадағалап жүрген Сәрке батыр оны өз жасағына сардар етіп алды. Бертін келе ол жүзбасы атанып, батыр ағасының ең сенімді серігіне айналады.

Киелі топырақты мекен өткен еліміз өгемендікке қол жеткізіп, өз алдына тәуелсіз мемлекет атанғалы ұлттық құндылықтарымыз қайта жаңғыртылып, халқымыздың үркердей болған асылдары, би, батырлары туралы жаңа деректер жинақталып, олардың есімдері ұлықтала бастады. Сондай түлғалардың бірі Кіші жүздің жетіру табын тайпасының Теке аталығынан шыққан батыр, би Ақылды Жүзжасар. Бар болғаны жиырма жасқа толар, толмас шағында әрі батыр, әрі би атанған Жүзжасар атақты Сәрке батырдың жүзбасысы болған. Сәрке қаза болғаннан кейін шайқаста оның сарбаздарымен түпкілікті жеңіске қол жеткізіп, батыр денесін кейін «Сәркенің Сары төбесі» атанған төбеге аманаттап қойып, келесі жылы Сыр еліне Қорқыт Ата қорымына жерлеп, елдің игі жақсыларының басын қосып, оның аруағына үлкен ас беруді ұйымдастырған. Иә тарихи деректерге сәйкес жоғарыда көрсетілген Кіші жүздің қалмақтармен арадағы шайқастарының бел ортасында атақты Қараұлы Бөкенбай, Көкұлы Есетпен бірге Сәрке, Жүзжасар батырлардың жүргеніне ешкім дау айта алмас.

Жүзжасардың найзагерлігін кезінде Сәрке жасағындағы Қаражон руынан шыққан Шындаулы батыр да мойындап, оны ылғи қиын шайқастарға алып шығады екен. Сәрке батыр да оның тек жүректілігі мен айлакерлігі ғана емес, алдағыны алдын ала болжай алатын сезімталдығы үшін де қатты қадірлеген көрінеді. «Тоқты асығы деменіз қолыңа жақса сақа ғой, жасы кіші деменіз, ақылы асса аға ғой» деп отырады екен жарықтық. «Кеменгерге де кенесің керек» демекші батыр жорыққа аттанар алдында Жүзжасар сынды сенімді серіктерімен әрдайым ақылдасып отырған. Қырықтың қырқасынан енді ғана асқан шағында сонау Сарыарқаның «Ақши» атты жерінде, қалмақ жансыздарының қолынан қапыда қаза табар кезде Сәрке батыр бабамыздың оққағарлары: «Уа, батыркеңесі, бізді кімге тастап барарсыз», - деп қолтағасқан-да, Сәрке батыр сендерді Жүзжасарға, ал Жүзжасарды бір Алғаға тапсырып барамын деген екен. Бұл әңгімені сонау бір жылдары Сейфуллин ауылының байырғы жылқышысы Сейдел ағамыз дүние салғанда «сол кісінің қонақасысында Сәйткерей Усабаевтан естіген едім. Осы мазмұнда хикаяттарды ертеректерде Ақыл аталығының шежірелі ақсақалы, Бұқарбай батырдың көзін көріп, өзімен талай табактас болған Дөкен көлге де, Алданаздардың бел баласы, Бұқарбайдың немересі Ахметбай да майын тамызға әңгімелеп отыратын. Атақты батыр һәм қарулас ағасының аманатына адалдығы

болса керек. Жүзжасар да жорық жолдарын аяқтап, елге тыныштық орнаған бойда бірыңғай ел басқару ісіне араласып, қашан жасы егде тартқанша Сырбойын мекендеген екі таңбалы табынға билік құрған. Көнекөз қариялардың пайымдауына бұл кезең елдің ынтымақ – бірлігі жарасқан, дастарханына берекесі-ырыс дарыған шағы болғанды ұқсайды. Жалпы Жүзжасар бидің қара қылды қас жарауы, ердің күнін екі ауыз сөзбен-ақ реттерілік әділ шешімдері жайлы ғибратты әңгімелер көп-ақ. Жүзжасар көзінің тірісінде жазылған заңдардан жазылмаған заңдар әлдеқайда қатаңдық деп отырады екен. Өйткені жеті жарғыға еніп үлгермеген қағидалар қаншама десеңізші? Қайсыбір қылмыс болмасын қайткенде де жазасыз қалмауы тиіс қой. Мұндай баптар жеті жарғыда қараламағандар деп қалай үнсіз қол қусырып қарап отырсын. Бәрібір әділ бағасын беру керек-ақ. Әрі тек ақиқатқа ғана жүтінген дәзім. Ақиқаттың адастырмасы анық. Сонау Сәрке дәуірінде билік құрған Жүзжасар би және одан беріректе гүмбір кешкен Мысық би (Есенжол) және Бостай сынды билердің барлығы да «арым – жанымын салағасы» деген қағидалы қасиетті туындай жоғары көтеріп өткен арыстар екені ақиқат. Ел бірлігін сақтауды олар кісілердің сінірген еңбегі де өлшеусіз. Қазақ қашаннан аяулы арысын ақырғы сапарға ақ жауып, арулап шығарып салған ғой. Бірақ, айналанда қиын-кескі ұрыс жүріп жатқан шақта басқаша амал жасамасқа лаж қалмайды екен. Ол кезде Сарыарқада қалдырған батырдың мәйітін Қорқыт ата қорымына жеткізу мүмкін емес-тін. Өйткені, қалың қалмақ қаптаған мидай жазық даламен жол жүру аса қауіпті болатын. Алда-жалда қолға түссен... жаман айтай жасы жоқ дегендей мәйіттің жау қолында қалып қоюы да мүмкін ғой. Сонымен ұзын сөздің қысқасы батырдың сүйегін «Ақши» маңына уақытша жерлеп, күзге салым Қорқыт қорымына жеткізуге пәтуаласады. Ел ақсақалдарының ұйғарымымен бұл аса жауапты жұмыс Жүзжасар бастаған жаракты жігіттерге жүктеледі. Батыр мәйітті аманат етіп қойылған жерді қарулы сарбаздар 6 ай бойы көз ілмей күзетіп, аман сақтайды. Сүмбіле туа батырдың сүйегі қайта қазып алынғанда дененің сол күйі бұзылмай сақталғаны белгілі болады. Мәйітті жежелі жерге жеткізу және қауіпсіздік шараларын сақтау үшін жеткілікті мөлшерде қарулы сарбаздар мен күш-көліктер бөлінді. Олар алдын-ала әзірленіп, жол қиындығына төтеп берерліктей етіліп әбден жаратылады. Кезек-кезек қос атты қатар ұстап, екеуінің беліне былғарымен қапталған батыр мәйіті салынады. Егер жануарлар жолда сыр берер болса, оларды дереу тың келе жатқан аттармен алмастырып, еш тоқтаусыз суыт жүріп, арақшықтығы 500 шақырымнан астам Қорқыт қорымына да жетеді. Батыр мәйітін алып жүруге Жүзжасар арғымағы да қатысады. Көнекөз кісілердің айтуына қарағанда текті жануар соншама қашықтықтан белін суытпай келсе де, еш сыр бермегенге

ұқсайды. Сәрке батырды ақтық сапарға шығарып салуға берісі Сыр бойы, әрісі Ақтөбе және Арқа өңірінен небір игі жақсылар мен жайсаңдар жиналған көрінеді. Осыншалықты жер қайысқан халыққа бірнеше тәулік бойы тікесінен тік тұрып қызмет жасау, ас-суын, жатар орнын әзірлеу, ырза қылып аттандырып салу да оңай шаруа болмаса керек. Сол қым-қуыт тірліктің басы-қасында Жүзжасар бабамыз жүреді. Інісінің қызметіне дән риза болған, сонау Ақтөбе өңірінен ат артығып келген Есет батыр қоштасар сәтте:

— Сәрке марқұм көзінің тірісінде өзіңді аузынан тастамай, айтып отырушы еді. Айтқаныңдай бар екенсің. Қызметің Алладан қайтсын. Батыр аған ел-халықтың әрі панасы, әрі данасы елі ғой. Соларды саған тасырып кеткенге ұқсайды. Есінде болсын – аманат жүгі ауыр жүк. Оны қайыспай көтеру өздерін сияқты нар азаматтардың ғана қолынан келеді. Шүкір, Сәрке де ұрпақсыз емес қой. Күні ертең-ақ бәрінің де орнына келері хак. “Ел ағасыз, тон жабыс” болмақ емес. Елге ағалық жасарсың, біз соған тілектеспіз, - деп риза көңілмен аттанса керек. «Тектіден текті туады, тектілік тұқым кубар» демекші Жүзжасар бидің белінен тараған Манан, Дөненбай, Құнанбай, Қосқадам, Мыңбай сынды ұлдары да кезінде ел-жұртына қорған бола билген жаракты кісілер деседі. Бұқарбай батырдың ту бегі, һәм ең сенімді серігі болып, ақтық демі біткенше елі мен жерін қорғап өткен Елқоныз батыр да сол Жүзжасар бидің ұрпағы екен. Жүзжасар бабамыздың туа бітті тектілігі мен кез келген кісінің пешенесіне жазыла бермейтін парасат-пайымның жеті атаға дейін жалғасы келе жатқаны да көп жайды аңғартса керек.

Жүзжасар бидің кейінгі ұрпақтары Елқоныз, Жауқашар батырлар, Сыр еліне белгілі дін ғұламаары Қоразбай, Ысқақ,

Құлманбет, Ұлы Отан соғысының, партия, кеңес, кәсіподақ ардагері, «Қызыл жұлдыз», «Отан Соғысы» ордендерінің иегері, облысымызға белгілі заңгер Асан Қоразбаев, белгілі мемлекет және қоғам қайраткері, сот ардагері, экс-сенатор Иран Амиров, Сыр еліне белгілі қаламгер, «Құрметті журналист» Ахат Жанаев, «Жалағаш ауданының Құрметті Азаматы» Тынымкүл Алмағанбетова, Жалағаш өңірінің белгілі азаматтары Оңғарбаев Орынбасар мен Орынбек, Алмағанбетов Жұмағали, Жүзжасар бидің тікелей ұрпағы Қоразбайқызы Марияман кезінде 19 жыл Қазақ ССР Ішкі істер министрінің орынбасары болған милиция генерал-майоры Нұрылла Алмағанбетов тарайды.

Жүзжасар бабамыз туралы кезінде Базар Жырау:

...Жүзжасар, Мысық және Бостандайын, Билерін төрелікке қосқан дәйім.

Қара қылды қақ жарып өткен дейді,

Жібермей ешкімге де босқа ұпайым-деп жырлаған болатын (Базар жырау республикалық әдеби, ғылыми-танымдық журналы №1/2013 129-130, 135-136беттер).

Сыр өңіріне белгілі ақын Шонбай Жұбанұлының (1889-1958) Құнанбай, Мырқы, Шабдан, Досжан Хазіреттердің Меккеге қажылық сапарға барғандары алып келген шежіре –дастанында төмендегі жолдар бар.

...Текеде Жүзжасар би, Тұржан ақын,

Ерлердің атамайын қалайша атын,

Жолыбай, Тоқай, Досбол, би Олабек,

Заманы ұзақ та емес өткен жақын

(Сілтемелер, дереккөздер Қазақ энциклопедиясы).

Бұдан бөлек Жүзжасар би, оның ерліктері туралы халық ақыны Қуаныш Баймағанбетовтың (1895-1972) «Қазақтың арғы атасы Әзіреті Мәлік» атты жырлында белгілі ғалым-этнограф Т.Дайрабайдың, белгілі қаламгерлер С.Мұқановтың, М.Баймаханұлының, А.Тлеулиевтің, С.Жұмаділдаевтың, Ж.Есіркепұлының, Р.Смағұловтың, Ж.Адамбаевтың еңбектерінде көрсетілген.

Тарих ғылымдарының докторы, профессор, республикаға белгілі ғалым-этнограф, Әл-Фараби атындағы Қазақ Ұлттық Университетінің археология, этнология және мезоэология кафедрасының меңгерушісі, доцент, тарих ғылымдарының докторы Қалыш Аманжол Боранбайұлы мен Ә.Х.Марғұлан атындағы Археология институтының ғылыми қызметкері тарих ғылымдарының кандидаты Жетпісбай Нұржан Ықсанұлының 2016 жылы Алматыда шыққан «Табын» үш томдық шежіресінің 1-томында Жүзжасар бабамыздан Манан, Дөненбай, Құнанбай, Қосқадам, Мыңбай тарқатылғандығы көрсетілген. Бұл жерде де бабамыз батыр, әрі би ретінде көрсетілген.

Мақаламызды А.Жанаевтың:

...Жүзжасарды Табынның биді деп біл,

Алаңың шапатағы, сыйы деп біл.

Қос таңбалы Табынның басын қосып,

Пәтуға келетін үйі деп біл... толғауымен аяқтауды жөн көрдік.

Хусайын Асанұлы ҚОРАЗБАЕВ

заңгер-журналист. Полиция полковнигі,

«Ақпарат саласының үздігі»

ӘЛЕУМЕТТІК ӘМИЯНЫ...

Өңірдегі әлеуметтік осал топтағы балалардың құқықтарын қорғау және әлеуметтік көмек алуды жүйелендіру мақсатында білім беру ұйымдарында «Әлеуметтік әмиян» жобасы жүзеге асырылуда. Осы бағытта арнайы **Жол картасы** бекітілген.

Жол картасы аясында бірінші кезекте оқушы мен қызметкер саны **700-ден** асатын білім беру ұйымдарында **аппараттық-бағдарлама** кешенін орналастыру жұмыстары жүргізілуде.

Облыс бойынша оқушылар саны **700-ден** асатын **125** мектеп бар.

Ағымдағы жылы жоспарлы **87 мектепке** аппараттық-бағдарламалық кешен орнатуға **119,2 млн.** теңге бөлініп, «Транстелеком» АҚ-мен құрылғылар орнатылуда.

Атап кету қажет бүгінгі күнге дейін білім беру ұйымдарына ҚР Оқу-ағарту министрлігінің 2022 жылғы 30 наурыздағы №117 бұйрығына сәйкес турнирлер орнатылды.

Енді аппараттық-бағдарламалық кешен оқушының мектепте сабаққа қатысуын, тамақтану және цифрлық білім беру ресурстарымен байланысты бақылау үшін қажет.

АБК орнату Қазақстан республикасы Оқу-ағарту министрлігінің 2022 жылғы 14 қарашадағы №456 бұйрығымен айқындалады. Бұйрыққа сәйкес аппараттық-бағдарламалық кешен оқушылардың сабаққа қатысуы мен тамақтануын бақылайды және ата-аналарға автоматты түрде хабарлама береді.

Идентификацияланған картамен тегін және жеңілдікпен берілетін тамақтануды қосқанда, тамақтануға төлем жасау және есеп жүргізуді қамтиды; Электрондық оқулықтарымен инте-

рация жасау және басқа цифрлық ресурстарды пайдалануды қамтамасыз етеді; Білім беру орындарында оқушылардың сабаққа қатысуы мен тамақтануы туралы есеп береді; Мобилді қосымшалар арқылы ата-аналармен байланыс, ас мәзірге қолжетімділік, құрамында аллерген бар тағамдарға шектеулер қоюға мүмкіндік береді.

Сонымен қатар Қазақстан Республикасының заңнамаларына сәйкес кешен (комплекс) ақпараттық қауіпсіздікті қамтамасыз ету тиіс. Бұдан бөлек

Ұлттық білім беру деректер қорында осал топтағы балалар белгіленеді.

Жалпы облыстағы **298** мектепте ыстық тамақ ұйымдастырылады, оның **7-і** буфеттік.

Тегін тамақпен қамтылған облыс бойынша бала саны - **89 572**, ол жалпы бала санының **52,2%-ын** құрайды.

Бастауыш сыныптарда **62 918** бала **100%** ыстық тамақпен қамтылған.

Әлеуметтік осал топқа жататын **5-11** сынып аралығында **26 654** бала бар.

2024 жылы 87 мектепте осы кешен орнатылды. Оның ішінде Арал ауданында 9, Қазалы ауданында 10, Қармақшы ауданында 3, Жалағаш ауданында 3, Сырдария ауданында 1, Шиелі ауданында 9, Жаңақорған ауданында 5, Қызылорда қаласында 47 мектепке орнатылды.

2025 жылы 38 мектепке аппараттық-бағдарламалық кешен орнатылады. Арал ауданында 3, Қазалы ауданында 4, Қармақшы ауданында 12, Жалағаш ауданында 2, Сырдария ауданында 6, Шиелі ауданында 6, Жаңақорған ауданында 6 мектепке орнатылады.

ыстық тамақ ұйымдастырылған, алайда аппараттық-бағдарламалық кешен орнатылмаған **163** мектепте тамақ беруді ұйымдастыру **«Бизнес әмиян»** қосымшасы арқылы жүргізіледі.

«Бизнес әмиян» - бұл шағын жинақталған мектептерде QR кодтарын сканерлеу арқылы балаларға ыстық тамақ беруді ұйымдастыруға мүмкіндік беретін қосымша. Ол жауапкершілік шектеулі сервистіктер, жеке кәсіпкерлерге және олардың мектептерде жұмыс жасайтын қызметкерлеріне арналған. Осы жұмыстарды жүзеге асыру үшін бірінші кезекте

Әлеуметтік осал топқа атаулы әлеуметтік көмек алатын отбасылар, мемлекеттік атаулы әлеуметтік көмек алмайтын, жан басына шаққандағы табысы ең төменгі күнкөріс деңгейінің шамасынан төмен отбасыларынан шыққан балалар, **жетім балалар**, ата-анасының қамқорлығынсыз қалып, отбасыларда тұратын балалар, **төтенше жағдайлардың салдарынан** шұғыл жәрдемді талап ететін отбасыларынан шыққан балалар, білім беру ұйымының алқалы басқару органы айқындайтын білім алушылар мен тәрбиеленушілердің өзге де

ӘЛЕУМЕТТІК ӘМИЯН ДЕГЕНІМІЗ НЕ?

- Бұл eGov mobile мобильді қосымшасының бөлімі. Онда мемлекеттен әлеуметтік қолдау алуға болады.

ТЕГІН ДӘРІ-ДӨРМЕКТЕРГЕ ВАУЧЕРЛЕР (САНДЫҚ РЕЦЕПТ) Ваучерлерді алуға болады, егер сіз:
Диспансерлік есепте тұрсаңыз және тұрғылықты жер бойынша емханаға тіркелсеңіз;
Учаскелік дәрігерге үнемі барып тұрсаңыз;
Уақытылы медициналық тексеруден өтсеңіз.

Тегін дәрі-дәрмек ваучерін қайда пайдалануға болады?
- Сіз тіркелген емхана жанындағы дәріханада.

Ваучерді қалай алуға болады?
- Сізге жергілікті / емдеуші дәрігерге бару керек. Ол сіздің әлеуметтік әмияныңызда ваучер түрінде пайда болатын тегін дәрі-дәрмектерге рецепт жазады.

EGOV mobile қосымшасын телефонға жүктеп, тіркеуден өтуіңіз қажет.

2024 жылдың 2 қыркүйегіндегі Мемлекет басшысы Қасым-Жомарт Тоқаевтың «Өділетті Қазақстан: заң мен тәртіп, экономикалық өсім, қоғамдық оптимизм» атты Қазақстан халқына Жолдауында Үкіметке алдағы жылдың басынан бастап «Әлеуметтік әмиян» жобасын жүзеге асыруды және барлық аймақтарға кеңінен таратуды тапсырған болатын.

Осы орайда Қазақстан Республикасының Денсаулық сақтау министрлігі, Оқу ағарту министрлігі, Цифрлық даму, инновациялар және аэроғарыш өнеркәсібі министрліктері «Әлеуметтік әмиян» жобасын кеңінен тарату жөніндегі жол картасын бекітті.

Жыл аяғына дейін жалпы босатылған рецепттердің **10 пайызы** «әлеуметтік әмиян» жобасы аясында босатылуы тиіс. Бүгінгі күнгі ақпарат бойынша «әлеуметтік әмиян» жобасы аясында облысымыздың медициналық ұйымдарымен **40 мыңға жуық** рецепт EGOV mobile қосымшасы арқылы босатылды.

санаттарына қаржылай және материалдық көмек көрсетуге бөлінетін қаражатты қалыптастыру, жұмсау бағыты мен есепке алу тәртібімен айқындалатындар жатады.

Білім беру ұйымдарында **аппараттық-бағдарламалық кешен орнатылғаннан кейін** ата-аналарға баланы мектепке кірген-шыққан және **тамақтанғаны жөнінде sms хабарлама түседі.** Сондай-ақ, ата-аналар **«Әлеуметтік әмиян»** арқылы баланың күнделікті тамақтану ас мәзірін көре алады.

АБК орнатылмаған мектептерде тамақ беруді ұйымдастыру жоғарыда атап кеткендей, **«Бизнес әмиян»**

қосымшасы арқылы жүргізіледі.

Білім беру ұйымдары арқылы кәсіпкерлерге және ата-аналарға **«Бизнес әмиян»** қосымшасымен жұмыс жасау тәртібіне түсіндірме жұмыстары жүргізілді.

Ағымдағы жылдың соңына дейін барлық ваучерлерді **(«бизнес әмиян» қосымшасын пайдаланатын ата-аналар)** белсендіру жұмыстарын аяқтау жоспарлануда. Ол үшін ата-аналар тарапынан да қолдау қажет.

Б.БЕРДАУЛЕТОВ
облыстық білім басқармасы басшысының орынбасары

Медицина саласының майталмандары мен марқасқалары жайлы мақала жазғанда алдымен сол саланың тарихына сәл-пәл қысқаша тоқталған жөн сияқты. Медицина саласында көп жыл қызмет атқарып келе жатқан білімді де білікті дәрігер, кісілігі мен кішіпейілдігі ерекше, адамгершілігі мен адалдығы айрықша ақ халатты абзал азамат Асылхан Тоқтарұлы жайлы әңгімені бірден бастамай, медицина туралы қысқаша тоқталып кетейін.

АЛҒЫСҚА БӨЛЕНГЕН АСЫЛХАН



жоғарғы оқу орнын бітіріп, облыстық орталық стоматология емханасында тіс дәрігері болып қызмет атқарған. 2002-2014 жылдар аралығында қаладағы №6-шы емханада дәрігер-стоматолог болып жұмыс істеген. 2014 жылдан бастап бүгінгі күнге дейін «Ер-стом» емханасында бас дәрігерлік қызметте. Бұл емханада тісті емдеуге арналған шетелдік аппараттар мен түрлі медициналық құралдар бар. Бұл емханадан 18 жасқа дейінгі жасөспірімдер, жүкті әйелдер, «Алтын алқа», «Күміс алқа» иелері, зейнеткерлер, I-II-III топтағы мүгедек жандар тегін ем алады.

Тіс – адамның ауыз қуысындағы орналасқан сүйек. Тістің сауыты, мойны, түбірі болады, іші қуыс, ішінде тіс ұлпасы орналасқан. Ұлпаға қан тамырлары, лимфа және нерв талшықтары тіс түбірінің ұшындағы қуыс арқылы өтеді екен. Емдеудің өзіндік ерекшелігі осында болса керек. Осы орайда емханаға тісін емдетуге келген кісілермен сұхбаттасудың сәті түсті.

- Мен, Ақтөбе қаласынан осында қонаққа келген едім. Аяқ астынан тісім ауырып, осы жерге келдім. Бүгін үшінші күн, шүкір, тісімді емдеп, ауырғаны тастай тыйылды, - дейді Жомарт деген ақтөбелік жігіт. Қызылорда қаласының тұрғыны Айгүл де емханадан алған емге дән риза. Тісін тегін емдеген Асылханға зейнеткер Бекқазы ақсақалдың да айтар алғысы шексіз. Осындай жақсы лебіздерді естігенде:

Емдеткің келсе тісінді, «Ысырып» қой ісінді. Келіңіз деп қарсы алар, Дәрігер үлкен-кішіңді, дегің келеді. Иә, шынында «Ер-стом» емханасының есігі еңбектеген баладан бастап, еңкейген қартқа дейін айқара ашық.

Ақ халатты абзал азамат медицина саласында ширек ғасырдан аса уақыт адалқызмет атқарып, тісі ауырып мазасыз күй кешкен мыңдаған жандардың жанына жебеу болып, алғысқа бөленген дәрігер. Адам аузындағы отыз екі тістің ауырмай өмір бойы орнықты болуына қолдан келген бар көмегін аямайтын азамат. Тістің адам асқазанында асты қорытудағы атқаратын ролі айтпаса да түсінікті. Осындайда кешегі кеңес дәуірінде түсірілген "Менің сүйікті дәрігерім" деген кинофильм еріксіз ойға оралады.

Асылхан жұбайы Гүлсім екеуі өмірге Гани, Гүлімай, Ерсұлтан, Мирас сияқты үлгілі ұрпақ әкелген өнегелі отбасы. Ынтымағы жарасқан іргелі жанұяға тек зор денсаулық, бақ-дәулет пен ырыс-береке тілейміз.

Медицина-аурудың алдын алу, ауруды анықтау, емдеу, адам денсаулығын сақтау, нығайту сияқты тағы басқа ғылыми іс жүзіндегі түрлі шаралар жүйесі болып табылады. Бүгінгі медицина бірнеше ғылыми салаға бөлінеді. Ал, клиникалық медицина-терапия, педиатрия, невропатология, психиатрия, хирургия, травматология, гинекология, урология, онкология, оториноларингология, офтальмология, эндокринология, стоматология, рентгенология, дерматовенерология, т.б. болып бөлінеді.

Белгілі грек дәрігері Гиппократ (б.з.б. 460) өзінің әкесі Гераклиттің көмегімен дәрігерлік білім алған екен. Анасы Фенарета да емшілік қасиеті бар кісі болған көрінеді. Ал, бүгінгі медицина саласының осындай орасан зор дамуына со-на-у шақтардағы Шығыс дәрігерлері Әр-Рази, Ибн Синаның зор ықпалы болғаны тарихтан белгілі.

Ешқандай да уақытпен санаспай, адам жанына арша түсіп, жандарына жебеу, дәрмендеріне демеу болған, кісі бойындағы түрлі кеселмен күресіп жүрген күрделі саладағы ақ халатты абзал азаматтар аймағымызда баршылық. Солардың бірі қаламыздағы "Шұғыла" мәлтек ауданындағы Ф.Мұратбаев атындағы көшесінің 24-ші көп қабатты ғимаратында орналасқан «Ер-стом» тіс емханасының білікті бас дәрігері Тілеуберген Асылхан Тоқтарұлы. Асылхан Сырдария ауданы, Ақжарма ауылының (бұрынғы «Ильич» ұжымдарының) тумасы. 1991 жылы №130 Абай атындағы орта мектепті бітіргеннен кейін арман қуып Алматы қаласындағы Мемлекеттік медицина институтының (қазіргі С. Аспандияров атындағы ҰМУ-на) стоматология факультетіне оқуға түскен. Ол сол кездегі ғалымдар: академик К. Ормантаев, медицина ғылымдарының докторы, профессор О. Мырзабеков сияқты тағы басқа білімді ұстаздардан дәріс алған. 1996 жылы аталмыш

Қазыбек ӘШІРБЕКҰЛЫ Қазақстан Журналистер одағының мүшесі, Жазушылар одағы басқармасына қарасты Қазақстан сықақшылары «Найзагер» қауымдастығының мүшесі. Жазушы – сатирик Балғабек Қыдырбекұлы атындағы жүлденің екі мәрте иегері

ЗИЯНКЕСТЕРМЕН КҮРЕСТІҢ ПАЙДАСЫ КӨП

Жыл басынан бері Инспекция **2644 мемлекеттік қызметтер көрсетті**, Атап айтқанда **812** карантиндік сертификат, **1829** фитосанитариялық сертификат, **3** есепке алу нөмірі берілді. Мемлекеттік көрсетілетін қызметтер толығымен электрондық түрде көрсетілуде.

Жыл басынан бері сауда базарларына жүргізілген бақылау қадағалау жұмыстарының нәтижесімен облыста таралмаған **5** карантиндік нысан анықталып, залалданған өнімдер сот органдары шешімімен тәркіленіп, тиісті әдістермен жойылды.

2024 жылы облыс аумағындағы азық-түлік қауіпсіздігін қамтамасыз ету мақсатында сауда базарларына жүргізілген бақылау және қадағалау жұмыстарының нәтижесінде, **144** заң бұзушылық анықталып, **11 002160** теңге айыппұл салынды.

Біздің облысымызда таралған карантиндік зиянкестер олар - калифорниялық калқанша сымыры мен қауын шыбыны, карантиндік арамошп - кекіре мен сарышырмауық болып табылады.

2024 жылы облыс аумағында карантиндік объектілер жатаған у кекірге қарсы **142,5 гектар**, қауын шыбынына қарсы **1750 гектар** жерде республикалық бюджет қаражаты есебінен химиялық өңдеу жұмыстары жүргізілді. Өңдеу жұмыстары барысында мәселелер туындаған жоқ.

Калифорниялық калқанша сымырына қарсы **43,5 гектар** және арамошюға қарсы **417,007 гектар** жер өңделді.

Биылғы жылы жасалған зерттеу жұмыстарының нәтижесімен, **2025 жылы** калифорниялық калқанша сымырына қарсы **34,5 гектар**, жатаған у кекірге қарсы **97,5 гектар**, арамошюға қарсы **417,007 гектар**, қауын шыбынына қарсы **1750 гектар** жерге өңдеу жұмыстарын жүргізу жоспарланып отыр.

Облыс аумағында карантиндік объектілерге қарсы химиялық өңдеу жұмыстарына «фитосанитария» Қызылорда облыстық филиалының **2** каффины, **2** трактор, **15** аркалайтын бүріккіш, **1** су тасығыш техника, **1** УАЗ, **1** ГАЗель, **1** Нива техникасы жұмылдырылды.

«Республикалық диагностика және болжамдау әдістемелік орталығы» облыстық филиалы **2024 жылы** ауыл-шаруашылығы дақылдарының зиянды және ерекше қауіпті зиянды организмдер және карантиндік нысандарға қарсы **5048400 гектар** жерге, оның ішінде ерекше қауіпті зиянкестеріне қарсы **2984950 гектар**, зиянды организмдерге қарсы **456950 гектар**, карантиндік нысандарға **66500 гектар** жерге, зиянды организмдердің таралып дамуына жүйелік бақылау жұмыстары **1540000 гектар** көлемге жүргізілді.

Сондай-ақ ерекше қауіпті шегіртке зиянкестеріне қарсы жазғы - күзгі мониторинг қортындысымен **2024 жылы** жаспарланған **49765 гектар** жерге республикалық бюджет қаражаты есебінен химиялық өңдеу жұмыстары жүргізілді. Оның ішінде **италиялық прусқа қарсы 8100 гектар**, **азиялық шегірткеге 41665 гектар**.

Саяқ шегіртке зиянкесіне қарсы жергілікті бюджет қаражаты есебінен **43676 гектар** химиялық өңдеу жұмыстары жүргізілді.

Биылғы жылы Шегіртке зиянкестеріне қарсы фитосанитариялық күрес жұмыстарына **4 арнайы жер агрегаттары, 3 аса жеңіл ұшақ, 2 ұшақ** қатыстырылды. Азиялық шегіртке зиянкестеріне қарсы облыс бойынша жоспарға сәйкес **2 жер агрегаты, 2 аса жеңіл ұшақ, 2 ұшақ** қатыстырылып, химиялық өңдеу жұмыстары мерзімінде орындалды.

Италиялық прус зиянкесіне қарсы **8100 гектар** жерге **2 жер агрегаты, 1 аса жеңіл ұшағы** қатыстырылды.

Сонымен қатар маусымдық кезеңде шекаралас облыстармен фитосанитариялық қауіпсіздікті тұрақтандыру мақсатында шегіртке зиянкестері бойынша туындаған жағдайларға байланысты Ақтөбе облысына уш реттен **4 маман, 4 автокөлік, Түркістан облысына 4 маман 2 автокөлік** көмек ретінде және тәжірибе алмасу мақсатында іс-сапарға жіберілді.



Ағымдағы жылы Ерекше қауіпті шегіртке зиянкестерімен күресу шараларын өз денгейінде жүргізу мақсатында, Ақтөбе, Ұлытау және Қызылорда облыстарының аймақ басшылары мен сала мамандары ынтымақтастық келісім-шарт негізінде, Арал ауданына қарасты «Атаншы» учаскесінде облысаралық шекарада кездесу ұйымдастырылды. Кездесу барысында келер жылы бірлесіп атқаратын іс-шаралар талқыланып, сала мамандарының қатысуымен италиялық прус шегірткесінің күбірішкестерінің қыстау алды физиологиялық жәй күйін, таралу аймағын анықтау мақсатында **1630 гектар** мониторингтік зерттеу жұмыстары жүргізілді.

Қызылорда облысы бойынша ерекше қауіпті шегіртке зиянкестерінің қанаттану, шағылысу, жұмыртқа салу кезеңінде мониторинг жұмыстары **1484100 гектар** жүргізіліп, қорытындысымен **2025 жылы 60024 гектар** жерге химиялық өңдеу жұмыстарын жүргізу жоспарлануда.

2024 жылмен салыстырғанда **2025 жылы** ерекше қауіпті шегіртке зиянкестеріне қарсы оның ішінде италиялық прус шегірткесіне қарсы өңделетін көлем **16602 гектарға** көбейіп, ал азиялық шегірткеге қарсы өңделетін көлем **6343 гектарға** азаяды деп болжамдалуда.

Қазақстан Республикасының «Сыбайлас жемқорлыққа қарсы іс-қимыл туралы» Заңының **22-бабының 1-тармағына** сәйкес сыбайлас жемқорлыққа қарсы іс-қимылды өз құзыреті шегінде барлық мемлекеттік органдар мен лауазымды адамдар жүргізуге міндетті. Бұл бағытта Қызылорда облыстық аумақтық инспекциясымен сыбайлас жемқорлықты болдырмау мен алдын-алу мақсатында біршама жұмыстар атқарылды.

2024 жылдың 11 айында сыбайлас жемқорлыққа қарсы шараларын күшейту мақсатында облыстық, аудандық, қалалық аумақтық инспекцияларында **280 шара** өткізілді.

Жалпы облыс бойынша **280** шара, оның ішінде **65** семинар-кеңестер, антикор қызметкерлерімен бірге өткізілген **2** жиналыс, **50** инспекторлармен жеке профилактикалық әңгімелесу, **29** құқықтық оқу өткізілді.

Сыбайлас жемқорлықтың алдын алу үшін бірлесіп қабылданған жоспарға сәйкес **2024 жылдың** сәуір айында антикор қызметкерлерімен бірге инспекторларға «Темір торды» өз көздерімен көрсетіп және ондағы қылмыстық жазасын етеп жатқан азаматтардың тыныс-тіршілігімен таныстырылды.

Жалпы осы және басқа да атқарылған жұмыстар нәтижесінде **2019, 2020, 2021, 2022, 2023** жылы мен **2024 жылдың** бүгінгі уақытына дейін сыбайлас жемқорлықпен байланысты қылмыстық, әкімшілік, тәртіптік жауапкершілікке тартылған қызметкерлер болған жоқ.

Жемқорлықты болдырмау және оның алдын алу мақсатындағы шаралар тұрақты түрде жүргізілуде және қатаң бақылауда болады.

М. ОРАЗБАЕВ
Қызылорда облыстық аумақтық инспекциясының басшысы

2025 ЖЫЛЫ ҚАЗАҚСТАНДА АЙЫППҰЛДАР МӨЛШЕРІ ҚАНДАЙ?

2025 ЖЫЛЫ АЕК МӨЛШЕРІ 3692 ТЕҢГЕДЕН 3932 ТЕҢГЕГЕ АРТАДЫ

2025 жылдың 1 қаңтарынан бастап айлық есептік көрсеткіш (АЕК) 3932 теңгені құрайды. Қазақстанда айыппұлдар АЕК мөлшерімен есептелетіндіктен, олардың да мөлшері артады.

ЖЕКЕ КУӘЛІКСІЗ ЖҮРУГЕ БОЛМАЙДЫ

Бір айдан астам мерзімде жеке куәліксіз немесе жарамсыз жеке куәлікпен, тұрғылықты немесе уақытша болатын жері бойынша тіркеусіз тұрғандарға 7 АЕК, яғни 27 524 теңге, ал мекенжайда нақты тұрмайтын адамдарды тіркеген жеке тұлғаларға 10 АЕК, яғни 39 320 теңге мөлшерінде айыппұл салынады. Бір жыл ішінде құқық бұзушылық қайталанса 13 АЕК, яғни 51 116 теңге айыппұл төленеді.

ТЫНЫШТЫҚТЫ БҰЗУҒА ТЫЙМ БАР

Заң бойынша сағат кешкі 22.00-ден таңғы 9.00-ге дейін тыныштықты бұзуға болмайды. Тұрғын үй ғимараттары мен тұрғын үй құрылысы аумақтарында орналасқан ойын-сауық орындарына жұмыс күндері сағат 22.00-ден таңғы 9.00-ге дейін, демалыс және мереке күндері сағат 23.00-ден таңғы 10.00-ге дейін тыныштықты бұзуға тыйым салынады. Тәртіп бұзған жеке тұлғаларға 19 660 теңге, яғни 5 АЕК, бір жыл ішінде қайталанса 39 320 теңге, яғни 10 АЕК айыппұл салынады.

Ал кәсіпкерлерге салынатын айыппұл сомасы 20-дан 150 АЕК дейін, яғни 78 640 – 589 800 теңгеге дейін.

ҚОҒАМДЫҚ ОРЫНДАРДА ІШІМДІК ІШУГЕ БОЛМАЙДЫ

Көшеде, қоғамдық орындарда, соның ішінде подъезде ішімдік ішкен, немесе қоғамдық орындарға масаң күйде келген адамға 5 АЕК, яғни 19 660 теңге мөлшерінде айыппұл салынады. Ал 18 жасқа толмаған жеткіншектің ата-анасы дәл осындай мөлшерде айыппұл төлейді. Бұзақылық бір жыл ішінде қайталанса 10 АЕК, яғни 39 320 теңге мөлшерінде айыппұл салынады, не бес тәулікке дейінгі мерзімге өкімшілік қамаққа қамалады.

18 ЖАСҚА ТОЛҒАНДАР ЖҮРУГЕ БОЛАДЫ

Көмелетке толмағандар заңды өкілдерінен кешкі 22.00-ден таңғы 6.00-ге дейін ойын-сауық мекемелерінде болса олардың ата-анасына 3 АЕК, яғни 11 796 теңге мөлшерінде айыппұл салынады. Ал

18 жасқа толмаған бала 23.00-ден 6.00-ге дейін үйден тыс жерде жүрсе заңды өкілдеріне ескерту жасалады. Егер аталған әрекеттер бір жыл ішінде қайталанса баланың заңды өкілдеріне 27 524 теңге, яғни 7 АЕК айыппұл салынады.

Ойын-сауық мекемесінің иелеріне де 10-нан 100 АЕК дейінгі мөлшерде, яғни 39 320 және 393 200 теңге айыппұл көзделген.

ЖОЛАҚЫ ТӨЛЕМЕГЕНДЕРГЕ АЙЫППҰЛ БАР

Қалалық және қала маңындағы қоғамдық көлікте жолақы төлемегендерге 7 864 теңге, яғни 2 АЕК айыппұл салынады. Ал жолаушыларды билетсіз алып жүргені үшін, шопырға 5 АЕК, яғни 19 660 теңге айыппұл көзделген.

ОРТАҚ ОРЫНДАРДЫ ЛАСТАМА

Қоқысты терезеден лақтыру, соның ішінде темекі тұқылын лақтыру, баспалдаққа немесе аулаға, балалар алаңына қоқыс пакеттерін тастап кету, саябақтарды, скверлерді ластау, оның ішінде белгіленбеген орындарға коммуналдық қалдықтарды тастау секілді бұзушылық жасаған адамдарға 5 АЕК, яғни 19 660 теңге айыппұл салынады. Бір жыл ішінде қайталанса 10 АЕК, яғни 39 320 теңге айыппұл төлейді.

Баспалдақ аумағына ескі жиһаз, қораптар мен басқа да өртүрлі заттарды қою өрт қауіпсіздігі ережелерін бұзу деп есептеледі. Жеке тұлғаларға алдымен ескерту жасалып, содан кейін 5 АЕК, яғни 19 660 теңге айыппұл салынады. Бір жыл ішінде қайталанса 39 320 теңге, яғни 10 АЕК айыппұл көзделген.

ТЫЙЫМ САЛЫНҒАН ОРЫНДАРДА ТЕМЕКІ ШЕГУГЕ БОЛМАЙДЫ

Тыйым салынған орындарда темекі шеккені үшін азаматтарға 58 980 теңге, яғни 15 АЕК айыппұл салынады. Құқық бұзушылық бір жыл ішінде қайталанса айыппұлдың көлемі 20 АЕК-ге, яғни 78 640 теңгеге дейін өседі. Ал ұшақта темекі шеккені үшін 50 АЕК, яғни 196 600 теңге төлеуге тура келеді. Автобус аялдамалары, балалар алаңдарында да темекі шегуге тыйым салынған. Темекі бұйымдарына қыздырылатын темекісі бар бұйымдар, қорқора арналған темекі, қорқор қоспасы, темекі қыздыруға арналған жүйелер, тұтынудың электрондық жүйелерін және оларға арналған сұйықтықтар жатады.

Көлік салонында көмелет жасқа толмаған балалар отырғанда темекі шеккені үшін 10 АЕК, яғни 39 320 теңге көлемінде айыппұл салынады. Осы заңсыз әрекет бір жылдың ішінде қайталанса, айыппұлдың мөлшері екі есеге, яғни 78 640 теңгеге артады.

КЕСІП ӨТСЕҢ АЙЫППҰЛ АРҚАЛАЙСЫҢ

Жаяу кесіп өтуге рұқсат етілмеген жолды кесіп өткен адамға 2 АЕК, яғни 7864 теңге мөлшерінде айыппұл салынады. Бұл әрекет қайталанса немесе бұдан біреу зардап шексе 10 АЕК, яғни 39 320 теңге мөлшерінде айыппұл төлейсіз.

ПӘТЕР ӨЗІМДІКІ ДЕМЕ...

Пәтер мен үй-жай ішіндегі қабырғаларды рұқсат беретін құжаттарсыз бұзғаны үшін жеке тұлғаларға 30 АЕК, яғни 117 960 теңге көлемінде айыппұл салынады. Егер қайта жоспарлау үйдің беріктігі мен орнықтылығының толық жойылуына (қирауына) әкел соқса 314 560 теңге, яғни, 80 АЕК төлеуге тура келеді.

ТАЛ ЖҮЛУ – 78649 ТЕҢГЕ

Қалалар мен елді мекендердің аумақтарын абаттандыру қағидаларын бұзу, сондай-ақ қалалар мен елді мекендер инфрақұрылымы объектілерін бұзу, жасыл желекті жою және бүлдіру бұзушылығы үшін жеке тұлғаларға ескерту жасалады немесе 20 АЕК, яғни 78 649 теңге мөлшерінде айыппұл салынады. Бір жыл ішінде қайталанса айыппұл сомасы 30 АЕК, яғни 117 960 теңге. Ортақ пайдаланатын аумақта шлагбаум, автотұрақ кеңергілері мен үй иегіндегі учаскелерді басып алу секілді бұзушылықтар кіреді.

БАСҚА ПӘЛЕ ТІЛДЕН...

Қоғамдық орындарда былпып сөйлеу, жеке тұлғаларға зәбірлеп тиісу және айналасындағыларға құрметпен қарамауды білдіретін, қоғамдық тәртіп пен жеке тұлғалардың тыныштығын бұзатын басқа да осындай әрекеттер 20 АЕК мөлшерінде, яғни 78 649 теңге айыппұл салуға не бестен 15 тәулікке дейінгі мерзімге өкімшілік қамаққа алынады.

ТҮКІРУ ТЕГІН ЕМЕС...

Қоғамдық орында түкіргені үшін, сондай-ақ белгіленбеген жерлерде қоқыс тастағаны үшін құқық бұзған адамға бірінші рет 5 АЕК, яғни 19 660 теңге айыппұл салынады.

ЖЫЛДАМДЫҚТЫ 60-ТАН АСЫРМА...

Өкімшілік кодекстің 592-бабына өзгеріс еніп, «3-1» тармағы қосылды және 4 желтоқсаннан бастап күшіне енді. Белгіленген шектен 60 км/сағ және одан жоғары жылдамдықпен жүрген жүргізуші 40 АЕК, яғни 2024 жылы 147 680 теңге мөлшерінде айыппұл төлейді.

Тас жолдарындағы камералар көліктің орташа жылдамдығын да есептей бастады. Орташа жылдамдықты түзу учаскедегі камералар тіркейді және қашықтықты еңсерген уақытқа бөледі. Айыппұл мөлшері жылдамдықты қаншалықты асырғанына байланысты 5-40 АЕК арасында болады.

«Жол жүрісі туралы» заңға сәйкес, көлік құралын басқару құқығы жоқ және ешқашан жүргізуші куәлігін алмаған тұлға көлікті мас күйінде (алкогольдік, есірткілік және (немесе) уытқұмарлық масаң күйде) басқарғаны үшін жауапкершілікке тартылса, 7 жыл жүргізуші куәлігін алу үшін емтихан тапсыруға жіберілмейді», – делінген басылымның хабарламасында.

КӨЛІК АЙДАЙ БІЛУ ДЕ БІР ӨНЕР...

Қазір мопед жылдамдығы сағатына 10-нан 20 км-ге дейін асса 5 АЕК, яғни жүргізуші 18 460 теңге айыппұл төлейді, ал 1 қаңтардан бастап мемлекетке 19 660 теңге берешек болады. Бұл қауіпсіздік белдігін тақпаған, шлем кимеген не аялдау және тоқтау ережесін бұзған жүргізушілерге де қатысты.

Бағдаршамның қызыл түсіне өтіп кеткендер 10 АЕК, яғни қазір 36 920 теңге айыппұл арқаласа, келер жылы 39 320 теңге санап беруге мәжбүр болады. Көлік жылдамдығы сағатына 20-дан 40 км-ге де асса, мүгедектерге арналған орынға көлік қойса және зебрада жаяу жүргіншіні өткізбесе, дәл осындай жазаға тартылады.

Жүргізуші куәлігінен айырылса да, көлік тізгінін жүріп ұсталған не апатқа қатысып, ол жерден қашып кеткен азамат 184 600 теңге, яғни 50 АЕК орнына 196 600 теңге береді.

УТИЛЬ АЛЫМЫ ҚАНША БОЛАДЫ?

Қозғалтқыш көлемі 1000 текше см-ден аспайтын жеңіл автомобиль үшін 294 900 теңге беру қажет. Ал мотор көлемі 2000 текше см-ден жоғары көлік үшін 688 100 теңге, 3000 текше см-ге жетпесе, 983 мың беруге тура келеді. Ал мотор көлемі үш литрден асатын машина алғандар ел қазынасына 2 260 900 теңге құяды. Бұл алым елге электромобиль кіргізгенде ғана сұралмайды.

АВТОМОБИЛЬДІ ЕСЕПKE ҚОЮ ҚҰНЫ ҚАНША?

Автомобильді бірінші рет тіркегенде сұралатын сома 0.25 АЕК, яғни 923 теңгеден 983 теңге болып ауысады. Шыққанына 3 жылдан аспаған машина алған тұлға 196 600 теңге, яғни 50 АЕК санап береді. Ал 3 жыл бұрын және одан ерте шыққан көлікті бірінші рет тіркеу үшін қалтада 1 966 000 теңге болуы керек.

Алаяқтардан қорғанудың қарапайым қағидасы

Дербес деректердің тарап кетуі көп жағдайда оларды үшінші тұлғалардың заңсыз пайдалануына әкеледі. Қаскүнемдер сіз туралы және сіздің шоттарыңыз туралы ақпарат алу үшін түрлі айла-тәсілдерін, соның ішінде фишингті ойлап табады. Сондықтан цифрлық гигиенаның қарапайым ережелерін сақтау маңызды:

- жеке деректерді ешкімге бермеңіз: жеке басты куәландыратын құжаттың көшірмесі, төлем картасының толық деректері, әсіресе артық жағындағы үш таңбалы кодты, SMS кодты және басқа да жеке мәліметтерді ешкімге айтаңыз;

- күмәнді сілтемелер бойынша өтпеніз, белгісіз дереккөздерден лүнцензияланбаған қосымшаларды жүктемеңіз;

- цифрлық кеңістігіңізді үнемі «тазалап» отырыңыз, антивирусты қолданыңыз. Поштаны қарап шығыңыз, спамдарды, күдікті хаттарды өшіріңіз, оларды поштаныздан бұғаттаныз, артық пошталық хаттардан және әлеуметтік желілердегі ойын-сауық жазылымдарынан бас тартыңыз. Артық деректерді өшіру үшін кәшті кезең-кезеңімен тазалап отыру керек;

- барлық сервистерге бірдей құпия сөзді пайдаланбаңыз, алаяқтар барлық қолданыстағы аккаунттарға бір мезетте қол жеткізе алады;

- күрделі және өртүрлі құпия сөздерді пайдаланыңыз. Егер сіздің құпия сөзіңіз аты, тегі, туған күні немесе басқа күндерден тұрса, мысалы, November2021, онда оның қауіпсіздігі өте төмен болып есептеледі.

Алаяқтар оңайлықпен бұза алмайтын құпия сөз, әдетте, үлкен және кіші әріптерден, цифрлардан және арнайы таңбалардан тұрады. Оның тікелей мағыналық жүктемесі болмайды, кемі 10 немесе одан да көп таңбалардың комбинациясынан құралады. Мысалы: Rgyll@U64i. Банктік аккаунттарға кіру үшін жалпы ортақ Wi-Fi-ды пайдаланбаңыз. Мұндайдабайқамай жалған қауіпсіздік сертификаттарын пайдалану қаупі бар.

Сізге таныс емес нөмерден қоңырау шалып немесе хат жазып, өзін банк, әлеуметтік қызметкер, құқық қорғау органдарының қызметкері деп таныстырған бейтаныс адамдарға сенбеңіз.

Қазақстан Республикасының Қаржы нарығын реттеу және дамыту агенттігі

СЫБАЙЛАС ЖЕМҚОРЛЫҚПЕН КҮРЕС – ӘРБІР АЗАМАТТЫҢ МІНДЕТІ

Сыбайлас жемқорлықтың алдын алу және онымен күресу – әрбір азаматтың, мемлекеттік қызметшінің міндеті.

Сыбайлас жемқорлық тек қылмыс қана емес, ол – мемлекет беделіне деген халықтың сеніміне сызат түсіріп, қоғамның барлық салаларына зиян тигізері сөзсіз.

Осы ретте, халық тек нәтижелі ғана емес, сонымен қатар адал әрі ашық жұмыс істейтін жергілікті билікті көргісі келеді. Сондықтан біз әрбір азамат әділдік пен теңдікке сенетін болашақты бірге құруды мақсат етеміз.

Қазақстан Республикасының Президенті Қасым-Жомарт Кемелұлы Тоқаев сыбайлас жемқорлыққа қарсы күрес – еліміздің стратегиялық дамуындағы негізгі басымдықтардың бірі екендігін атап өтті. Баршамызға сыбайлас жемқорлықты болдырмау, онымен барынша күресу қажет деп қатаң талап қойды.

Осы мақсатта елімізде, өңірімізде сыбайлас жемқорлыққа қарсы бағытталған көптеген кешенді шаралар жүзеге асырылуда.

Қала өкімдігі жанында сыбайлас жемқорлыққа қарсы іс-қимыл мәселелері жөніндегі комиссия тұрақты жұмыс жасайды. Онда қала көлеміндегі сыбайлас жемқорлықтың алдын алу, жолын кесу бағытындағы шаралар қаралып, тиісті шешімдер қабылданып келеді.

Қала өкімдігіне қарасты барлық мемлекеттік мекемелер мен ұйымдарда және квазимемлекеттік сектор субъектілерінде сыбайлас жемқорлық тәуекелдерін анықтау үшін мониторинг, талдау шаралары жүргізіледі. Талдау нәтижелері біздің ресми сайтта жарияланады. Бұл жүйе қажетті

ашықтық пен есептілікті қамтамасыз етіп, күмәнді жағдайларға жедел әрекет етуге мүмкіндік береді.

Мемлекеттік қызметтер көрсету барысында онлайн түрде қызмет көрсетуге басымдылық берілуде. Биылғы жылы 80 130 мемлекеттік қызмет көрсетілсе, оның 70% пайызы электронды түрде берілген. Бұл өз кезегінде қызмет беруші мен қызмет алушы арасындағы тікелей байланыстың болмауына септігін тигізді.

Әр мекемеде, әр ұйымда арнайы құқықтық оқулар ұйымдастырылып, қызметкерлердің кәсіби біліктіліктері арттырылуда. Биылғы жылы 852 қызметкер арнайы оқу курстарымен қамтамасыз етілді.

Құқық қорғау органдары басшыларымен түрлі салаларды қамти отырып, ашық есік күндері, қоғамдық қабылдаулар, есепті кездесулер тоқсан сайын өткізілуде. Осындай ашық қарым-қатынас форматы көптеген құқық бұзушылық пен қылмыстылықтың алдын алуға өз септігін тигізіп келеді. Сондай-ақ, сенімді әрі нәтижелі әріптестік орнатуға көмектеседі.

Сыбайлас жемқорлық тәуекелдерін төмендететін маңызды құралдардың бірі – «Халық қатысатын бюджет» бағдарламасы. Бұл жоба қала тұрғындарына бюджет қаражатын бөлу және оны іске асыру процесіне тікелей қатысуға мүмкіндік береді. Азаматтардың тікелей қатысуы қала тұрғындарының өмір сүру сапасын жақсартуға ғана емес, сонымен қатар жемқорлық схемаларының алдын алуға ықпал етеді. Шешімдер тұрғындармен бірге және олардың мүддесі үшін қабылданғанда, әрбір бөлінген теңге халық игілігі үшін ашық

әрі тиімді жұмсалады.

Биылғы жылы «Халық қатысатын бюджет» бағдарламасы бойынша 14 жоба жүзеге асырылды.

Бюджет ашықтығы мен жариялылығы қамтамасыз етіліп келеді. Әр бюджет шығыстары, өзгерістер енгізілуі арнайы қалалық қоғамдық кеңесте, одан әрі қалалық мемлекеттік қаралады.

Қала өкімдігі және оған қарасты дербес бөлімдер, кент, ауылдық округтер интернет-ресурстардың бірыңғай платформасына, яғни gov.kz порталына шоғырландырылған. Бұл мемлекет пен азаматтар ақпарат алу мен өзара іс-қимыл жасаудың бірыңғай терезесіне айналды. Осы порталда бюджеттік заңнама саласындағы құқықтық актілер, бюджеттік есептілік орналасады. Сұрақ-жауап сервисінің көмегімен пайдаланушылар бюджет қаражатының жұмсалыуы бойынша сұрақтар қойып, жауаптар ала алады.

Мемлекеттік әлеуметтік тапсырыс аясында да сыбайлас жемқорлықтың алдын алуға бағытталған әлеуметтік маңызды жобалар үкіметтік емес ұйымдармен жүзеге асырылып келеді. Бұқаралық ақпарат құралдары, интернет ресурстар, әлеуметтік желілер арқылы және тұрғындар арасында ақпараттық-түсіндірме жұмыстары кеңінен жүргізілуде.

Жемқорлықтың тамырына балта шабу, оны түбегейлі жою бағытындағы жұмыстарымыз алдағы уақытта негізгі міндеттеріміздің бірі болып қала береді.

Н. АХАТОВ
Қызылорда қаласының өкімі

ҚАРТТАРДЫ ҚАЛАЙ ҚОРҒАУҒА БОЛАДЫ?

Алаяқтар қалай әрекет етеді? Алаяқтар зейнеткерге қоңырау шалып, өзін банк қызметкері ретінде таныстырып, «шоттағы қаржыны бейтаныс біреу шешіп алуға әрекеттеніп жатыр, сондықтан ақшаны қауіпсіз шотқа аудару керек» деп сендіруге тырысады.

Одан кейін алаяқтар зейнеткерден интернетті немесе мобильдібанкінгіті қолдана ала ма, жоқ па деп сұрайды. Кейін ақшаны қашықтан басқа шотқа аудару үшін телефонға арнайы қосымша жүктеуді ұсынады.

Алаяқтардың құрбаны болмас үшін нені білу керек?

- қоңырау шалған кезде өздерін банк, әлеуметтік қызмет, құқыққорғау органдарының қызметкері ретінде таныстырса да, бейтаныс адамдарға сенбеу керек;
- қоңырау шалушы сізге аты-жөніңізді, тұрғылықты мекенжайыңызды айтып, өтініш жасаса, бұл оның ресми тұлға екенін білдірмейді. Қажетті деректерді әр түрлі тәсілдермен алуға болады. Олар интернетте ашық қолжетімді болуы мүмкін;
- міндетті түрде қызметкердің аты-жөнін, лауазымын сұраныңыз және оны қайта тексеру үшін сол ұйымның call-орталығына хабарласыңыз;

- егер телефоныңызда жақын адамның нөмірі шығып тұрса, бірақ оның дауысы нашар естілсе және ол қиындыққа тап болғанын хабарлап, өзіне ақша аударуды сұраса, әңгімені доғарып, оған өзіңіз қоңырау шалыңыз;
- ешқашан және ешкімге жеке деректеріңізді, банк картасының толық деректемелерін, оның ішінде картаның жарамдылық мерзімін, үш таңбалы кодты бермеңіз, сондай-ақ құпия сөз бен картада қалған соманы айтаңыз;

Есіңізде болсын, банк қызметкері, қаржы ұйымы call-орталығының операторы, құқық қорғау органдарының өкілдері ешқашан телефон арқылы дербес деректерді сұрамайды. Мұндай жеке мәліметтер тек алаяқтарға қажет.

Қазақстан Республикасының Қаржы нарығын реттеу және дамыту агенттігі